

А 2006  
9048к

Әбінбек Нұрмазамбетұлы

**ЖЕР - ЕУДЫҢ**  
**АТЫ - ТАРИХТЫҢ ХАТЫ**





Әбілбек Нұрмазамбетұлы

**ЖЕР - СУДЫҢ  
АТЫ-ТАРИХТЫҢ ХАТЫ**

АЛМАТЫ  
"БАЛАУСА"  
1994

ББК 83.8.

Н 86

**Нұрмағамбетұлы Ә.**

Н 86 **Жер-судың аты — тарихтың хаты: Орта мектептің оқушыларына арналған.**— Алматы: Балауса, 1994.—64 б.

ISBN 5-7063-0171-9

Ата-бабаларымыз ойпат-жазық, өзен-көл, тау-қырат аттарын кездейсоқ қоя салмаған. Мысалы, Қалдығайты, Келес, Зайсан, Қорғалжын, Өлкейек, Балқаш секілді атаулардың әрқайсысының өзіндік сыры бар.

Белгілі ғалымның бұл кітабында мағынасы беймәлім осындай атаулардың жұмбағына ғылыми жорамал, дәлел арқылы жауап берілген.

Н 4803250201 — 006 58 — 93  
411(05)94

ББК 83. 8

ISBN 5-7063-0171-9

© Ә. Нұрмағамбетұлы, 1994.

Т а н ы м д ы қ к і т а п

Ересек балаларға арналған

Әбілбек Нұрмағамбетұлы

**ЖЕР-СУДЫҢ АТЫ — ТАРИХТЫҢ ХАТЫ**

Түзуші — *К. Мустафин*. Суретшісі — *Н. Наурызбаев*. Қиыстырушы — *Р. Дүйсенбаев*.  
Түзеушісі — *А. Асқаралиева*.

ИБ № 181

Теруге 23.04.93 жіберілді. Басуға 15.03.94. қол қойылды. Кескіні 84x108 1/32. Қағазы тип № 2. Қаріп түрі “Тип Таймс”. Шығыңқы басылыс Шартты баспа табағы 3,36. Шартты бояу көлемі 4,5. Есептік басылу табағы 3,97. Таралымы 40 000 дана. Заказ № 1322. Ырықты баға.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің “Балауса” баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігіне қарасты “Кітап” фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы.

## АЛҒЫ СӨЗ

Қадірлі балалар! Өздеріне арнап бұдан бұрын екі кітап ұсынған болатынмын. Оның алғашқысы — “Сөз сырына саяхат” 1990 жылы, екіншісі — “Қос сөздердің құпиясы” 1991 жылы жарық көрді. Бұл кітаптардың мақсаты — күнделікті өмірде, тұрмыста жиі кездесетін кейбір заттар мен құбылыс атауларының қалай, қандай жолмен пайда болғанын, олардың алғашқы мағыналарын, одан кейінгі кездерде өзгеріске ұшырау себептерін ашу, сондай-ақ қазіргі қазақ тіліндегі қос сөздер құрамында кездесетін, мағынасы көмескіленіп, бірден түсінуге болмайтын сөздердің тарихы мен түпкі төркінін қолда бар тілдік деректерге сүйене отырып анықтау болатын.

Міне, енді үшінші кітабымды ұсынып отырмын. Мұның тақырыбы — жер-су атаулары. Ғылыми тілде оны “топонимика” дейді. Бұл — грек сөзі, қазақша аударсақ “мекен немесе орын аты” деген мағына береді.

Қазақ халқының атам заманнан орнығып, өмір сүріп жатқан жерінің аумағы қандай көлемді де кең екенін білесіңдер. Осы ата мекеніміздегі өзен, көл, тау, қырат секілді жер бедеріне меншіктелген атаулардың да мыңдап саналатыны мәлім. Ертеде өткен ата-бабаларымыз солардың әрқайсысына ат қойып, айдар тағу жағынан жай ұқыпты ғана емес, шебер де тапқыр болғандығын байқаймыз.

Бұл жолы алға қойып отырған міндетіміз — ғылыми ізденіс арқылы бірқатар жер-су атауының сырын ашып, алғашқы мағыналарын табу.

Бір еске сала кететін нәрсе — халық арасындағы жер-су атауларының мағынасы турасындағы жорамалдарға көп жағдайда аңыздар негіз етіледі. Ел аузындағы осы іспеттес әңгімелерде, мысалға, Алматы төңірегіндегі “Шамалған”, “Боралдай”, Жамбыл облысындағы “Қордай” тәрізді жер, елді мекен, аудан, темір жол стансаларының атаулары қалмақ батырларының есімі делінеді. Шындығына келсек, бұлардың қай-қайсысы да түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің негізгі сөздік қорынан пайда болған атаулар.

Жер-су атауларының арасында ұшырасатын бөгде тілден енген сөздерге жатсына қараудың жөні жоқ. Өйткені халқымыз өзінің мыңдаған жылдық өмір жолында түрлі тарихи тағдырды бастан кешіп, алуан нәсілді жұртпен араласып тұрды. Осының нәтижесі жер-су атауларында да өзінің ізін қалдырды. Оның ішінде көбіне монғол тілінен алынған сөздер де жолығып қалатыны рас. Өйткені монғол тілінің түркі тілдеріне етене жақын туыстығы ғылымда дәлелденген жағдай. Сондай-ақ, жер-су атауларының ішінде бірен-саран араб, парсы тілдеріндегі сөздер арқылы пайда болғандары да жоқ емес.

Мұның бәріне ғылыми талдау жасауды мұрат еткен жоқпын. Бұл кітаптың мақсаты — өздеріне таныс, бейтаныс бірқатар жер атауларының қайдан шыққандығы, қандай мағынаға ие болғандығы жайында айқын да анық мағлұмат беру ғана.



Алатау — дәл осындай дыбыстық құрамда айтылатын тау аттары тек Қазақстан Республикасы қамтып жатқан жер көлемінде ғана емес, басқа да аймақтарда жиі кездеседі. Мысалы, Жоңғар Алатауы, Қырғыз Алатауы, Іле Алатауы және тағы басқалар.

Сырт көзге “Алатау” атауының қалай, қайдан пайда болғандығы ешқандай жұмбақ емес сияқты. Өйткені “ала” сөзінің берер мағынасы кез келген қазақ баласына түсінікті. Оны тіліміздің түсіндірме сөздігі — “ақ және басқа түстердің араласып келген түрі” деп ұғындырады. “Ала” сөзі көптеген зат атауларымен тіркесіп келе береді: “ала ат”, “ала текемет”, “ала үйрек” және т. б. Осы мысалдармен салыстыра, сәйкестіре қарап, “Алатау” атауындағы “ала” сөзін таудың түсіне байланысты туған десек, қателескен болар едік, әрі бұлай ойласақ, оның /“аланың”/ шыққан тегін, төркінін іздестірудің де қажеті жоқ. Әрине, көрер көзге біз білетін Алатау қарлы, қарсыз шоқыларымен ала қалпында көрінетіні де рас. Дегенмен, біз кейбір тілдік деректерді тілге тиек ете отырып, “Алатау” атауының қалыптасуына өзгеше пікір ұсынбақпыз.

Алтай тобына жататын, түркі тілдерімен туыстас маньчжур тілінде: “ала” сөзінің “таумен” байланысты мынадай мағыналарын ұшыратамыз: 1) қырқа; 2) төбешік; 3) тау адырлары; 4) тау тізбегі. Бұл келтірген тілдік мәліметтен аңғаратынымыз — таудың онша биік еместігі және тау болып көрінетін қырқалардың тізбегі. Осыны ескерсек, “Алатау”-дың дәл мағынасы — “қырқалы тау” немесе “адырлар тізбегі” болмақ. Шын мәнісінде де, Алатау өздерің білетін Гималай, Памир т. б. тауларға қарағанда биіктігі жағынан онша оза қоймайтыны белгілі. Ойымызға тағы бір арқау боларлық дерек, Ақтөбе облысының кей жерлерінде кездесетін қырат, шоқыларды “алатау” деп атайтынын экспедиция кезінде естігеніміз де бар.

Алқау — Торғай облысындағы Жангелдин ауданына қарайтын жер атауы. Алқау — аудан орталығы Торғай поселкесінен 40 шақырымдай, солтүстік шығыс жағында, Торғай өзенінің оң жағасына орналасқан жазық жер.

Ескерте кететін бір жайт — бұл атау осы кезге дейін жер-су атауын зерттеушілердің біреуінің де қаламына ілікпеген. Сондай-ақ, осы атауға негіз боларлық, қазақ тілінде дәл мұндай дыбыстық құрамда сөз де кездеспейді.

Алайда, дыбыстық құрамы әрі мағынасы жағынан “Алқауға” жақын деп, жағыстырарлық сөзді басқа түркі тілдері деректерінен табуға болады.

Біріншіден, В. В. Радлов сөздігінде “алы-ко” немесе “алы-кои” тұлғалы сөздердің түрік тіліндегі мағынасы — “бөгеу”, “кідірту”. Екіншіден, түркі тілдерінің бірі — тофаларда “алһығ” — қазақ тіліндегі “жазық, кеңістік” мағыналарын меншіктенсе, ертедегі түркі тілдері сөздігінде дәл осындай түсінікті “алқығ” сөзі бере алған. Үшіншіден, түркі тілдерімен туыстас монғол тіліндегі “алгуу” дыбыстық құрамдағы тұлға “жай, баяу” дейтін мағына береді.

Көрсетілген тілдік деректерді ескере келіп, біз мынадай тұспалға тоқтауды мақұл көрдік. Жоғарыда келтірілген үш тұлғаның қай-қайсысы да тек дыбыстық құрам жағынан ғана емес, мағыналары жағынан да бірінен-бірі өрбіген. Мағына жағынан бұлардың алғашқысы — көне түркі тілдері сөздігінде кездесіп отырған “жазық, кеңістік” түсінігін беретін — “алһығ” сөзі және ол кейбір түркі тілдерінде сақталғанын да /тофаларда/ көріп отырсыздар. Ал түрік тілі мен монғол тіліндегі осы тұлғалас сөздердің мағынасын туынды деп санаймыз. Өйткені жазық, тегіс жерден ағып өтетін өзен суы (бұл жерде Торғай өзені еске алынды) В. В. Радлов көрсеткендей — “бөге-ле”, “кідіре” ағатыны немесе монғол тіліндегідей — “жай, баяу” жылжитыны да әркімге аян.

Қорыта айтқанда, әңгіме болып отырған “жер атауы — Алқау” сөзінің тұңғыш мағынасы “жазық”, “тегіс” дегенді білдірген. Бұл ойымызды сол жердің бедері де анықтағандай.

Алтай — Хатун және Ертіс өзендері аралығындағы тау.

Таулы өлке — “Алтай” атауы жөнінде зерттеушілер пікірі әр түрлі. Олардың басым көпшілігі Алтай тауының атауын бағалы металл — алтынмен байланыстырады.

Біз бұл болжамға қосыла алмаймыз. Өйткені сонау ежелгі түркі тілдері ескерткіштерінен бастап, осы күндерде өмір сүріп отырған түркі тілдерінің бәрінде де “алтын” сөзінің соңғы “н” дыбысының “й”-ға айналғанын көре алмадық. Көне түркі тілдерінде — алтун, қазіргі тілдерде: якуттарда — алтан, туваларда — алдын, хакас тілінде — алтын және т. б. Бұдан әрірек барсақ: монғолдарда — алтан,

қалмақтарда — алтн, буряттар тілінде — алтан. Міне, осылардың бәрі де біздегі “алтын” сөзімен мәндес. Демек, “алтын” сөзінің Алтай тауына қатысы жоқ деп есептейміз.

В. В. Радловтың көрсетуінше, “алтай” сөзі алтай, телеуіт, шор тілдерінде “биік тау”, “таулы ел” деген ұғымды ғана білдіреді. Міне, осы мағынадағы “алтай” сөзі тауға меншіктеліп, осы кезге дейін сақталған. Сөйтіп, “Алтай тауы” біздіңше “Биік тау” деген мағына бермек.

Аманқарағай — бұл Қостанай облысындағы Семиозер (бұрынғы аты — Әулиекөл) поселкесінен 5 — 6 шақырым жердегі қалың қарағайлы жер. Осы жерде Аманқарағай аталатын темір жол стансасы да бар.

Кейбір зерттеушілер мұны көне түркіше “емен-қарағай мәніндегі атау” деген топшылаудан әрі бармайды.

Атаудың —“аман” және “қарағай” деген екі сөзден пайда болғандығы белгілі.

Алғашқы “аман” сөзі біздің тілімізде де жиі қолданылатынын өздерің білесіңдер. Алайда оның төркіні — араб тілі. Онда “аман” сөзінің екі түрлі мағынасы бар: біріншісі — қауіпсіздік, тыныштық; екіншісі — рақымдылық, мейірімділік. Дәл осындай мағыналарда оны парсы тілінен де ұшыратамыз. Әрине, бұларға да араб тілінен ауысқан. Парсы тілінде “пана, қорғаныш жер” іспеттес тағы бір мағына меншіктенген.

Біріккен сөздің екіншісі —“қарағай”. Бұл — емен, қайың, терек деген сияқты, ағаштың бір түрінің аты. “Қарағай” сөзінің өзін де екі сөздің қосындысы деп қарауға мүмкіндік мол. Алғашқысы —“Қара” (түске байланысты айтылатын сөз), екіншісі —“ағаш”. Қосып айтсақ “Қараағаш” болып шығады. Соңғы “ш” дыбысының “й”-ға ауысуы — түркі тілдерінде жиі кездесетін дыбыс сәйкестіктерінің нәтижесі.

Осы болжамымыз бойынша, “Аманқарағай” атауын қазіргі ұғымға сәйкес қазақшаласақ —“қауіпсіз қара ағаш” немесе “тыныштық қара ағашы” болып шығады. Аманқарағайдан сәл әрігіректе “Арақарағай” деген де қалың ағаш атауы бар. Мұндағы “ара” сөзінің мағынасы —“ортадағы, аралықтағы” екендігі айтпасақ та түсінікті.

Амур — қиыр шығыста РСФСР мен Қытай шекарасы арқылы өтетін өзен аты. Әрине, оның қазақ жер-су атауына, дәл қазіргі тұрғыдан алғанда, ешқандай қатысы жоқ. Алайда, атаудың дүниеге келуі — Алтай жүйесіне жататын, дәлірек айтсақ, тунгус-маньчжур тобындағы тілдерге тікелей байланысты. Осы топқа жататын Солон, Эвен тілдерінде “амур” сөзі тек “өзен” деген мағынаны ғана



ұғындырады. Амур өзенінің Аргунь деген саласы бар. Оның төркіні туралы сәл кейінірек тоқталамыз.

Аңқаты — Батыс Қазақстан облысы Жымпиты, Чапаев аудандары жеріндегі өзен аты. Осы өзен атына қойылған поселке және совхоз да бар.

“Аңқаты” сөзінің түп төркіні жөнінде әлі деректі мәлімет жоқ. Көп жағдайда жерге ат қою оның бедер-белгісімен байланыстырылады. Ақадыр, Қарашоқы сияқты жер атаулары осының дәлелі болмақ.

Осы жағдайды ескере келіп, Аңқаты өзенінің аты түркі, әрі кетсе, тунгус-маньчжур тобына жататын тілдерде кездесетін мына сияқты сөздермен түбірлес әрі мағыналас деп қараймыз. Қырғыз тілінде: аң — шұқыр, ор; якуттарда: аңхай — жыра, жылға, сай, ор; маньчжурда: аңға — өзен сағасы; эвенкі тілінде: оқат — өзен.

Экспедиция кезінде “Аңқаты” аталатын жердің жыра мен сайға кедей еместігін көзбен көрдік.

Якут тіліндегі “аңхай” мен маньчжурлардағы “аңға” сөздерінің қай-қайсысы болса да, “аңқаты” сөзімен түбірлес және мағыналас екендігі анық. Осыған сүйенсек қазіргі тіліміздегі жыра, сай мағынасы ертедегі түркі тілдерінде “аңқа” тұлғасымен берілген. “Аңқа” түбіріне молдык, көптік мөлшерді білдіретін *-лы, (-лі)* жұрнағының көне түрі — *-ты* қосылып, “Аңқаты” тұлғалас жер атауы қалыптасқан. Сөйтіп “Аңқатының” мағынасы — “жыралы”, “сайлы” болмақ.

Аңырақай — бір зерттеуші мұны тау жотасының атауы десе, енді біреулері тау аралығындағы аңғар, шатқал деп ұғындырады.

Біздің байқауымызша, тау аралығындағы үңгір, аңғар атауы деп байымдайтындардікі жөн сияқты. Мұны дәлелдеу үшін алысқа бармай-ақ, қырғыз тілінің сөздігіне жүгінсек те жеткілікті.

К. К. Юдахин құрастырған “қырғызша-орысша сөздікте” “аңырақай” сөзінің мағынасы — “үлкен аңғар, кең шатқал” деп түсіндірілген. Дыбыстық құрамы жағынан мұның біз әңгіме етіп, төркінін іздестіріп отырған “Аңырақайдан” ешқандай айырмасы жоқ. Түптеп келгенде, мұндағы сөз түбірі осының алдында ғана әңгіме болған “Аңқатымен” бірдей. Ерекшелік тек сөз түбірі “аң”-ға қосылған жұрнақтарда ғана болып отыр. “Аңырақайда” ертедегі жұрнақ сақталған. Мұндай жұрнақ монғол тілінде жиі кездеседі. Тіпті біздегі “аңырай” сөзі де, сөз болып отырған “Аңырақайдан” алшақ кетпейді.

Осыларды ескере келгенде, “Аңырақай” атауы тау жотасына емес, солардың арасындағы кең де үлкен аңғар, шатқалдарға арналған. Демек, сөз түбірі түркі, монғол тобындағы тілдерге ежелден ортақ. Бұған дәлел ретінде монғол тілінде “ашық” мағынасын беретін —“онгорхой” сөзін келтірсек те жеткілікті.

Арасанқапал — Талдықорған облысы жеріндегі емдеу орны бар елді мекен. Мұны “Қапаларасан” деп те атайды.

Жер атауының екі сөздің бірігуінен пайда болғандығы дау тудырмайды. Олардың біріншісі —“арасан”, екіншісі — “қапал”. Аталған сөздердің түпкі төркіні қай тіл және алғашқы мағыналары неге нұсқайды, осыған жауап табу қажет.

“Арасан” сөзі қазіргі кездегі бірқатар түркі, монғол тобындағы тілдерде, тіпті тунгус-маньчжурларда да кездеседі. Бір-екі мысал келтірейік. Қырғыз тілінде —“арашан”, монғолша —“аршаан”, маньчжурларда —“арашан”. Алайда, “арасанның” алғашқы шыққан түп төркіні — санскрит, яғни ежелгі үнді әдеби тілі. Оларда “рашаайана” калпында дыбысталып, беретін мағынасы —“шипа, ем суы”. Жоғарыда көрсетілген тілдерде де осы мағынада қолданылады. Әрине, “арасан” сөзінің бұл мағынасы бұрыннан да белгілі.

Сөздің екінші сынары “қапал” туралы зерттеушілер пікірі әр түрлі. Бірі —“бұл сөздің мағынасы белгісіз” десе, қалғандары “қапал” сөзін “қопа”-мен байланыстырады. Қазіргі түсінігімізде “қопа” мағынасы — келді жерде өсетін қалың қамыс, қоға. Олар осы жорамал бойынша, “Арасанқапалды” — “қопалы келдегі шипа суы” деген ұғымға балайды.

Бұл жорамалды біз қостамаймыз. Басты себеп — зерттеушілердің бұл ойы тек дыбыстық құрамдағы сәйкестіктен шыққан. Дәлірек айтқанда; “қопа”-ның “қапал”-ға айналуы жөніндегі жорамалынан туындаған.

Біз мына бір тілдік дерекке табан тірей отырып, өз болжамымызды ұсынамыз. Араб тілінде “қафал” сөзінің: 1) жиналу; ағып келіп, бір жерге жиналу; 2) толу дейтін мағыналары бар. (Басқа мағыналары туынды ұғымдар).

Осындай тілдік деректер тұрғанда, шипа, ем боларлық суды қопамен байланыстыру орынсыз. Сонда “Арасан қапал” дегеніміз, қазақша айтсақ, “ем суының жиналған” жері болып шықпақ.

Бұл жерде түркі тілдеріне араб, парсылардан және керісінше, түркі тілдерінен араб, парсы тілдеріне сөз ауысу мүмкіндігін есте ұстаған жөн.

Аргунь — әлгінде әңгіме етілген Амур өзенінің саласы. Бұл өзен атауының тууына Алтай жүйесіне жататын

тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің әсері болған. Амурдың бұл саласы басын сол төңіректегі кіші-гірім жоталардан алады. Демек, саланың көзі — бұлақтардан аққан су. Сондықтан да өзен суының таза болуы заңды. Бізді бұл ойға жетелеп отырған тунгус-маньчжур тілінің дерегі. Алайда, дерек ретінде ұсынғалы отырған сөзіміз оларға монғол тілінен ауысқандығы байқалады. Жазба монғол тіліндегі “аригун” сөзі қазақ тіліне аударғанда “таза” деген мағына береді.

Арқа — батысы Торғай ойпатынан басталып, шығысы Тарбағатайдың батыс сілеміне дейін жалғасқан, солтүстігі Батыс Сібір жазығына, оңтүстігі Балқаш көліне ұласқан кең дала. Мұны — “Сарыарқа” деп те атайды. Бұл тура ы әңгіме кейінірек болмақ. Ал қазір Арқа атауының бұрын қандай түсінік бергендігіне тоқталмақпыз.

“Арқа” сөзінің бізге мәлім мағынасынан басқа да көптеген мағыналары бар.

Қазақ тіліне бір табан жақын қырғыздарда “арқа” тұлғасы “солтүстік”, одан әрі якут тілінде “аргаа”—“батыс, батыс жақ”, туваларда “арга”— бірде “таулы”, екінші жерде “қылқан жапырақты ағаш”, тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің кейбіреуінде “аргаа”—“батыс”, ал монғолдарда: “ара” сөзі “солтүстік” сияқты ұғымдарды меншіктенеді.

Біздің байқауымызша, осы мағыналардың ішінде мына жер атауы — “Арқаға” сәйкес келетіні “батыс” немесе “солтүстік” ұғымдары. Егер біз тарих шындығына бой ұрсақ, түркі халықтарының көбірек шоғырлана қоныстанған мекені монғол даласы мен Алтай төңірегі деп танысақ, мына сөз болып отырған жер, дұрысында да, олардың батыс, солтүстік жағында болғандығын аңғару қиын емес. Осымен байланысты бұл жерді сол кезде-ақ “Арқа” деп атаса керек. Демек, “Арқаның” алғашқы мағынасы қазіргі кездегі “батыс” не “солтүстік” ұғымы болмақшы.

Арқалық — Торғай облысының орталығы. Қала — орналасқан жерінің атауын меншіктенген.

Бір зерттеушінің пікірінше, жер атауы, біз жоғарыда көрсеткен “солтүстік”, “батыс” мағыналарын беретін “арқа” сөзімен байланысты пайда болған. Біз бұған басқаша қарап, өзімізше топшылау жасауды ұйғардық.

Мына бір-екі тілдік дерекке назар аударайық. Башқұрт тілінде “арғыллы” сөзі “таулы”, ал “арғыллы урын” тіркесі “таулы жер” деген мағына береді. Мұны хакас тілі дерегі қуаттай түседі. Оларда “арғалығ” дыбыстық құрамдағы сөздің екі түрлі ұғымы бар: 1) жоталы; 2) биік; үстірт (жер туралы).

Расында да, Арқалық қаласы мен Арқалық ауданының орналасқан жері үстіртті, шоқылы болып келеді. Сол жерлерден боксит, қоңыр көмір кендері қазылып алынады. Шығыстан батысқа қарай аласара түсетін бұл адырлы жерлердің теңіз бетінен биіктігі 250-300 метрдей болып келеді.

Келтірілген тіл деректері мен жер бедеріне сүйене отырып, “Арқалық” өз атауын орналасқан жердің бедеріне байланысты иеленген, дәлірек айтқанда, түркі тілдерінде ертеректе жоталы, үстіртті жерлер “арқалық” сөзімен аталған деуге болады.

Атырау — Гурьев облысы мен қаласы бұдан былай Атырау деп аталады.

“Атырау” — ертеден қолданылып келе жатқан сөз. Қазіргі қолданысымыздағы мағынасы “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде” көрсетілгендей — “өзеннің теңізге құятын сағасы”.

Алайда, оның дәл қазіргі мағынасы, алғашқы ұғымынан сәл алшақ. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің сөздігіне жүгінсек, онда “отруғ” дыбыстық құрамдағы сөздің ежелгі мағынасы қазіргі түсінігіміздегі “арал” дегенге нұсқайды. Осы тұлға мен мағына қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінде сақталғандығына да дерек жоқ емес. Қазан татарлары мен Чулым татарлары тілінде: “утрау” тұлғалы сөз де “арал” мағынасында қолданылады.

“Отруғ” және “утрау” сөздерінің қазақ тілінде “атырау” болып қалыптасуы да, түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестігінің заңдылығынан тысқары кетпейді.

Сондай-ақ, бұрын “арал” мағынасын берген “атырау”-дың “саға” сөзінің ұғымына жармасуында да табиғи заңдылық бар. Қандай өзен болмасын мұхитқа немесе теңізге құйылар жерде арнасы сала-салаға бөлініп, әр саланың арасында кіші-гірім құрлықтар пайда болады. Міне, осы құрлықтар өзіне ертеден тән атау “атырауды” талап еткендей болады. “Атыраудың” сағамен қосарлана қолданылуының басты себебі осы деп ойлаймыз.

Байқал — РСФСР-дағы Бурят Республикасы мен Иркутск облысы аралығында орналасқан үлкен көл.

Қазақстан жеріне қатысы болмаса да, бұл көлдің “Байқал” аталуына түркі тілдерінің бірінің әсері болғандықтан назардан сырт қалдыруды оғаш көрдік.

Түркі тілдерінің бірі якуттың “байғал” дыбыстық құрамдағы сөзі, біздің түсінігімізде “теңіз, мұхит” мағыналарында қолданылады да, ал “байғал баала” сөз тіркесі қазақ тіліне аударсақ “теңіз толқыны” дегенге

нұсқайды. Тунгус-маньчжур тобына жататын эвенкілерге якут тілінен ауысқан болу керек, оларда “теңіз” мағыналы сөз “байга” қалпында айтылады.

Міне, осы деректерге бой ұра отырып, “Байқал” көлінің атауының төркін тілі — якут тілі, ал алғашқы мағынасы — “теңіз”, одан әрі кетсе “мұхит” деген ұғымды меншіктенген деп тұжырым жасауға болады. Сөйтіп, “Байқал көлі” қазақша “Теңіз көл” болмақ.

Бақанас — Іле өзенінің бір саласы және Семей облысында Алакөлге жетпей, жол-жөнекей құмға сіңіп кететін өзен атауы.

Бірқатар зерттеушілер өзен атын тіліміздегі “қада, тіреу” сөздерінің тағы бір баламасы (синонимі) “бақан” дегеннен өрбіткенді дұрыс деп ойлайды.

Кейбір тіл деректеріне сүйене отырып, “Бақанас” сөзінің төркіні өзгеше қарастырған орынды деп білеміз. Түркі тілдерімен ежелден түбі бір монғол тілінде “қысқа, келте, шолақ” сөздерінің орнына “богино” тұлғасы қолданылады. Ал біздегі “су” монғол тілінде — “ус”. Осы екі сөзді тіркестірсек “богино ус” болып, қазақша “қысқа су” мағынасын берген болар еді. Монғол тілінде қалыптасқан бұл тіркес, бері келе қазақ тілінің ыңғайына көшіп, бейімделу нәтижесінде кейбір дыбыстар өзгеріске ұшырап, біріккен сөздерде дыбыс түсіп қалу заңдылығына байланысты “багана(у) с” — “бағанас” — “бақанас” болып қалыптасқан.

Сөйтіп “Бақанас” атауының төркіні түркі, монғол тілдеріне ортақ, ертедегі мағынасы — “келте су” дегенге нұсқайды.

Балқаш — қазақ жеріндегі ірі көл.

Кейбір зерттеушілер көлдің атауы ертеде “су” мағынасын берген “балық” сөзіне-ақш жұрнағы қосылуы арқылы жасалған деген болжам ұсынады.

Балқаш көлінің атауы жөнінде біздің пікіріміз өзгеше. Мұның да өзіндік себебі бар. Біз ежелгі түркі жазба ескерткіштері сөздігінен “су” мағынасына ие боларлықтай “бал”, “балық” дыбыстық құрамдағы тұлғаларды ұшырата алмадық.

Біздің байқауымызша, көл атауы, В. В. Радлов көрсеткендей, қазақ тіліне ертеден тән — “сазды төмпешіктері бар былқылдақ, батпақ” мағынасын беретін “балқаш” сөзімен байланысты тууы ықтимал. Бұл ойымызды телеуіт, құманды, алтай тілдерінің деректері анықтай түседі. Оларда: “палқаш” тұлғалы сөз “лай, балшық, тұнба” мағыналарында қолданылады. Егер осы деректерге сенсек

/сәнуге тура келеді/ “Балқаш көлі”, “батпақты көл” дегенмен барабар.

Болжамымызды көлдің табиғи жағдайы да шындыққа шығарғандай. Балқаш көлінің солтүстік шығыс жағалауы мен Іле өзенінің көлге құйыла беріс маңайы батпақты болып келсе, көлдің шығысы сортаң. Көл өз атауын осындай сипатына қарай иеленген.

Бетпақдала — Балқаш көлінің батыс жағалауынан басталатын кең даланың атауы.

Шөл даланың сүйкімсіз де сұрықсыз қалпына қарай, бұл атау парсы тілінің “бад-бахт” немесе “байдбах” сөзі арқылы жасалған дейді, кейбір зерттеушілер. Әрине, бұл көзқарасты теріске шығару қолайсыз. Өйткені көрсетілген сөз біздің түсінігіміздегі “ бақытсыз, жаман, жексұрын, жиренішті” іспеттес мағына береді. Шын мәнісінде де жер жаратылысы осы сипатқа сәйкес.

Бұған қосымша мына бір жайтты да естен шығармаған жөн. Қазіргі Бетпақдала өте көне заманда су жайылған жер болуы ықтимал. Уақыт өткен сайын су тартылып, оның орнында батпақты дала пайда болып, міне, сол кезде оған “Батпақдала” атауы берілуі де ғажап емес. Сол кездегі көл-көсір судан қалғаны Балқаш көлі болуы мүмкін. Ал, “батпақ” сөзінің алғашқы төркіні — түркі тілі ме, әлде парсы тілі ме? Бұл жерін анықтап айту да қиын. Себебі біздегі “ батпақ” сөзі мағынасын өзгертпестен парсы тілінде —“батлағ” дыбыстық қалыпта ұшырасады. Мұндағы ерекшелік — біздің тіліміздегі “п” орнына “л”, “к” орнына “ғ” қолданылуы. Бұл тұрғыдан алсақ, бірінші буындағы “а” дыбысының “е”-ге алмасып, келе-келе “бетпақ” болып өзгеруі де таңданарлық жағдай емес. Осы себептен де, сөздің алғашқы қалпы “батпақдала” болар деп жорамал жасауға бой ұрдық.

Босаға — Шымкент облысының Шәуілдір, Семей облысының Абай және Торғай облысының Жанкелдин аудандарындағы жер атауы.

“Босаға” сөзінің төркіні туралы жазылған пікірлер өте тапшы, кейбіреулері оны өзімізге белгілі есік босағасымен (табалдырық пен маңдайшаның аралығындағы тіреу ағаш) салыстырумен ғана шектеледі.

Кейбір тіл деректеріне көз салсақ, “босаға” сөзінің өзіміз білетін мағынасынан (есікпен байланысты) басқа да ұғымы болғандығын байқаймыз. Мысалы, якут тілінде “моцоғо” сөзінің екі мағынасы бар: 1) тау кемері; 2) есік босағасы. Бұдан әрегірек барсақ, алтай тіл жүйесіне жататын тунгус-маньчжур тобындағы кейбір тілдерде “бо-

соғо” тұлғасы біздің түсінігіміздегі “тау баурайы” дегенді білдіреді. Осыған қарап “босаға” сөзінің алғашқы мағынасы тек жер бедерімен байланысты туғандығын түсіну қиын емес.

**Бұхара** — Өзбек республикасындағы облыс және оның орталығының атауы.

Бұл атау қазақ арасында да жиі қолданылатындықтан танып-білудің зияны болмас деген оймен жазып отырмыз.

Сөздің төркіні бізді араб тіліне апарып тірейді. Бұл тілде “бухара(т)” тұлғалы сөз “ортасы, орталық” деген мағына береді. Бір кездерде өзбек елінің басқа қалаларына қарағанда оның аты ертерек құлаққа шалынып, орталық саналғаны да тарихтан белгілі. Осыған орай арабтардың “орталық” мағынасын беретін “бұхара” сөзі қала атауы болып қалыптасқан деуге болады.

**Боралдай** — Алматы төңірегіндегі жер және елді мекен атауы. Оңтүстік Қазақстан және қырғыз жерінде де бұл іспеттес жер, тау атаулары ішінара кездесіп отырады.

Бір зерттеуші бұл атауды біріккен сөз ретінде қарастырып, “борал” тұлғасын “бұрма, бұрыс, теріс”, ал “дай”-ды “тау” дегенмен жағғыстырады. Егер бұл тұрғыда түсінсек, “Боралдай” дегеніміз “бұрыс тау, теріс тау” болып шығады.

Алдымен “Боралдай” деген жер атауының немен байланысты пайда болғанына тоқталайық. Қалмақ тіліндегі “буурлда” қалпында дыбысталатын сөз “жусан” (өсімдік) ұғымын береді. Демек, “Боралдай” дегеніміз “жусанды, жусан көп өсетін” жер деген ұғыммен сәйкес келеді. Осыған қарап, әңгіме болып отырған жер аты қалмақ тілінен ауысқан десек те теріс бола қоймас еді. Өйткені бұл да түркі тілдерімен тектес. Алайда, тіл деректерін тексере түссек, мынадай мәліметтерге тап боламыз. Тува тілінде (бұл түркі тобына жатады): “боралдыр” сөзі, қазіргі біздің тіліміздегі “күлгін” деген түстің сипатын білдіреді. Егер жусан өсімдігін көргендерің болса, оның кейбірінің “күлгін” түсті болатындығын білесіңдер. Осы түстес өсімдік қана емес, күс болса да осындай ат меншіктенетінін мына бір дерек анықтай түседі. Түрік тілінде “борулдай” сөзі “күлгін түсті күс” деген мағына береді. Сөйтіп бұл сөздің түп-төркіні түркі тілдері екен.

**Бүйрек** — Торғай облысы Жанкелдин ауданында кездесетін жер атауы. Бұл өңірде “Бүйректал” деген де атау ұшырасады.

Осы атаулар туралы пікір айтушылар “бүйрек” сөзін ертедегі түркі руларының бірі — бүйректен байланысты-

рады. Пікір иесінің бұл жорамалды қандай дерекке сүйеніп жазғаны беймәлім.

Біздің шамалауымызша, “Бүйректал”, “Бүйрек” деген атаулар жер бедеріне байланысты шықса керек. Қырғыз тіліндегі “бөйрек” сөзінің бір мағынасы — тау бөктеріндегі ойпаң, еңіс жер.

Егер мұны негізге алсақ, “Бүйректал”— ойпаң жерге өскен тал, ал “Бүйрек”— тек қана “ойпаң, ойпат, еңіс” деген мағынаны аңғартады.

Дегерес — Қазақстанның оңтүстігіндегі таулы өлке-лерде ұшырасатын жер атауы.

Осы атаудың шыққан тегі, төркіні туралы пікір айтушылар “дегерес” сөзінің мағынасы монғолдың “тау теке” ұғымын беретін “дзер герес” тіркесінен пайда болған деп жорамал жасайды. Монғол тілі сөздігін сүзе қарап шыққанда мынаны байқадық. Осы тіркестегі “гөрөөс” (авторша айтсақ — герес) сөзі “ешкі” немесе “теке” ұғымын ғана береді деу қиын екен. Кейде бұл тұлғалас сөз “аң” мағынасын да меншіктенеді. Оған қоса, біздегі “ешкі”, “теке” түсініктерін монғолдарда “ямаа”, “тэх” дыбыстық құрамдағы сөздер береді. Сондай-ақ тіркестіре көрсеткен екі сөздің алғашқысы — “дзер” автор көрсеткен сөздікте кездеспейді де. Осы себептерден де біз бұл жорамалды жөн көрмедік.

Екінші бір автор “дегерес” сөзінің төркінін түркі тілдеріндегі “тегер” (“дөңгелек, шеңбер” мағынасын беретін) сөзімен байланыстырады да, оған -ес жұрнағы қосылған деп келте қайырады. Бұл да шындыққа онша жанаса бермейді.

Біздің байқауымызша, “дегерес” жер атауына негіз болған монғол сөзі: дэгүүр — жоғары, үсті; дээгүүр — “жоғарғы, үстіңгі” болса керек. Сонымен қатар қалмақ тілінде де “деерэс” немесе “деегур” тұлғалары біздің тіліміздегі “үсті, жоғары жақ” мағыналарына ие. Кейде монғол тілінде мұндай мағынаны “дэгэрэ” сөзі де бере алатынын ескертпекпіз. Міне, осы тұлғаға монғол тілінде көптікті білдіретін -с жұрнағын қоссақ, қалмақ тіліндегі “деерэс” сөзінде “г” дыбысы түсірілген десек, біздегі “дегерес” сөзімен тұлғаластық заңды түрде туып тұр.

Егер жер бедерін ой, қыр немесе жазық, тау деп бөлсек, ой мен жазық, әдетте төменгі жақ, ал қыр мен тау — үстіңгі, жоғарғы жақ болып та аталатынын ескерсек, біздегі “дегерес” пен монғол тіліндегі “дэгэрэ”, не қалмақтардағы “деерэс” мағына жағынан да алшақ кетпейтіндігі айқын көрініп тұр. Сондықтан “дегерес”— қыратты, биік жерлерге берілген атау болмақ.



Сөйтіп “Дегерес” жер атауының төркіні монгол тобындағы тілдерден екен, ал берер мағынасы — биік, үстіртті, төбелі жер.

Дендер — (кейде Индер деп те аталады) Атырау облысының солтүстігіндегі, Жайық өзенінің шығысында орналасқан жер-су атауы. “Жер-су” деп анықтап көрсетуімізде де мән бар. Картаға қарасак, дәл осы жерде Индер көлі бар, оның солтүстік жағасы Дендер аталатын дөңес.

Осы көрсетілген атаулардың қайсысын (Индер немесе Дендер) болса да, Қазақстанның батысынан шалғай жатқан Сібірден де, Алтайдан да табуға болады. ХҮІІ ғасырда Тобол уезінде Индер болысы, сондай-ақ Индер атты ру болған. Ертеде монғолдар жайлап, көшіп жүрген жерлерде Дундэр атты тау болғанын да білеміз. Чуваш жерінде Индырчи атты елді мекен бар.

Қазіргі қазақ тілінен белгілі бір мағынада қолданылатын не “индер”, не “дендер” тұлғасындағы сөзді кездестірмедік. Сондықтан тиісті мағынаға ие боларлық бұл іспеттес сөзді тағы да туыс тілдерден іздестіруге тура келеді.

Тува тілінде “дендээр” сөзі біздегі “шамадан тыс”, “шектен тыс” мағыналарын иеленсе, монғолдардағы “дэндгэр” — “сорайған” ұғымын білдіреді. “Биік, үстірт” — монғолдарда — “индэр”, маньчжурларда — “иэндэн”, калмақтарда — “өңдр”.

Осы тілдік деректерге сүйене отырып, “Индер” немесе “Дендер” атауларының түпкі мағынасын көрсетілген тілдердегі сөздермен байланыстыра қарауға болады. “Дендер” сөзінің жер бедеріне, оның ішінде жоталы, қырат, биік орындарға берілетін атау екендігі ХҮІІ ғасырда Батыс Қазақстанда туып, өмір сүрген Жиёмбет жыраудың мына өлең жолдарынан да байқалады:

“Қиядан жолды көрсеткен  
Төбене шығар күн бар ма,  
Жотасы биік Дендерім?”

/"Алдаспан". Алматы, 1971, 101-бет/.

Енисей — Монғол жерінен басталып, Сібірді қак жара отырып, Солтүстік мұзды мұхитқа барып құятын үлкен өзендердің бірі екендігі белгілі.

“Енисей” атауының пайда болуына орыс тілінің ешқандай қатысы жоқ. Өзеннің атын қойған сол өңірді ежелден мекендеген халықтар екендігін мына төмендегі деректер дәлелдейді.

Біздің топшылауымызша, атау екі сөздің бірігуінен шыққан. Тунгус-маньчжур тобындағы эвенкі, негидаль тілдерінде “йэнэ” тұлғалы сөз “үлкен өзен” мағынасында

қолданылады. Бұл арқылы біз Енисей атауындағы алғашқы сөздің мағынасын ашуға мүмкіндік алдық. Ал маньчжур тілінен бастап, осы топтағы басқа да тілдерде “эйэ” түбірі “ағу, ағыс” дегенді ұғындырады. Екі түбірді қатар қойсақ “йэнэ эйэ” тіркесі туып, берер мағынасы — біздің тілімізде “үлкен өзен ағысы” болып түсіндіріледі.

Әрине, “йэнэ эйэ” тіркесі сол қалыпта өзгермей сақталуы мүмкін емес. Уақыт озып, тілдің даму дәрежесіне байланысты біріккен сөздерде дыбыс түсіріліп, немесе бір дыбыс орнына соған сәйкес екінші бір дыбыс қолданылуы қай тілдің болса да заңдылығына қайшы емес. Осы тұрғыдан келгенде бірінші сөздегі бастапқы, екінші сөздегі соңғы дыбыстар түсіріліп, бері келе екі сөзді біріктіруде дәнекер болып “с” дыбысының қыстырылуы ғажап құбылыс емес. Бұл болжамымыз бойынша, алғашқы екі сөз “энэ эй” қалпына дейін қысқарып, ортасына “с” дыбысы қосылғанда “энэсэй” қалпына жетпек. Қазіргі жазуымызда ол “Енисей” болып көрініп және естіліп отыр.

Тағы бір ескерте кетер жайт — тұрғылықты халықтар бұл өзен атын “йэнэ” немесе “йэндрэги” деп осы кезде де айтады.

Ертіс — Қазақстанның шығыс облыстарының біраз жерін кесіп өтетін өзен.

Бұл өзен атауының шыққан тегі туралы түрлі-түрлі тұспалдар бар.

Біреулер оны “арту, асу” мағыналарын беретін түркі тілдеріндегі “артыш” сөзінен, екінші біреулер қазақ тіліндегі “иір” (“ирелендеу” мағынасындағы) мен кет тіліндегі “су, өзен” мағынасын беретін “сес шеш” сөздерінің бірігуінен шыққан деген долбар айтады. Көрсетілген пікірлердің қай-қайсысына да қосыла алмаймыз.

Біздің ойымызша, М. Қашқаридың өзен атауын түркі тілдерінің өзіне тән “эртіш” сөзін тудыруы дұрыс. Әрі оған берген мағынасы да көңілге қонымды. Мысалы, хакас тіліндегі “иртіс” дыбыс құрамындағы тұлға да қазақ тіліндегі “өту, кесіп өту” мағынасын меншіктенеді. Өзен атауына негіз болуға осы сөз лайықты деп санаймыз. Өйткені сонау Зайсан көлінің маңынан басталған өзен Обьқа барып қосылғанша талай ойды, қырды кесіп өтеді. Осы қасиетіне қарай, оны мекендеген түркі халықтары (қазақ, хакас т. б.) ертеде “кесіп өту” мағынасын иеленген “эртіш” немесе “иртіс” сөзін атау еткен деуге болады.

Есіл — республикамыздың солтүстік өңіріндегі Қарағанды, Ақмола, Торғай, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарының жерін басып өтетін өзен атауы. Есіл деп аталатын елді

мекендер де бар. Әрине, бұлар өзен атымен байланысты қойылған.

“Есіл” атауының алғаш дүниеге келуі туралы екі зерттеушінің пікірі бар. Бірі — “Есіл” атауын “жасыл” деген зат түсімен байланыстырса, екіншісі — етістіктің “ес” (есу, есілу, еспе т. б.) түбірін тілге тиек етеді. Бұлардың ешқайсысы да көңілге қонбағаны былай тұрсын, шындыққа жанаспайды. Өйткені өзен, су атауына әдетте олардың табиғатындағы қасиеттеріне қарай ат қойылып, айдар тағылатынын ескеру керек. Сөз төркінін іздестіргенде бұл жағдайлар зерттеушілер назарынан сырт қалған.

М. Қашқари сөздігінде “есіл” және “ешіл” сөздері ұшырасады. Бұлардың алғашқысы — “азайды”, ал екіншісі — “созылу, созылған” деген ұғымдар береді. Осы екі сөздің қайсысы болса да, өзен атауына қолайлы. Өйткені алғашқысы өзен суының тапшылығына мезгесе, соңғысы оның ұзындығына нұсқайды. Осы сияқты жорамалымызды негіз тұтсақ, өзеннің “Есіл” аталуы жөн көрінеді. Өйткені Қазақстанның бес облысын көктей өтуі өзеннің онша қысқа еместігін байқатса керек. Бұл — таза түркі тілдері дерегіне сүйенген болжам.

Енді түркі тілдерімен туыстас тунгус-маньчжур тобындағы кейбір тіл дерегін құрастырсақ, онда “есла” болып дыбысталатын сөз, біздің түсінігіміздегі “тасыған өзен” ұғымын береді. Бұл да ескеруге тұрарлық нәрсе. Кім біледі, өте ерте кездерде дәл осы тұлғалы әрі мағыналы сөз түркі тілдерінде де болып, кейін ұмытылуы да ғажап емес.

Жабасақ ~~және~~ Ақтөбе облысындағы кішкене өзен, сол өзен бойындағы елді мекен және республиканың орталық бөлігіндегі өзен аты.

“Жабасақ” атының шыққан төркінін бір зерттеуші: “жаба” және “сақ” этнонимдерінен деп түсіндіреді де, одан әрі қалайша “жаба” және “сақ” ру, тайпа атауларынан пайда болғандығына дәлел етерлік ешқандай дерек келтірмейді.

Біздіңше, “Жабасақ” атауының тууы өзен-сумен байланысты. Ақтөбе облысына қарайтын Жабасақ елді мекенінің орналасқан жері — Өлкейек өзенінің кішкене ғана саласы — Жабасақтың бас жағы. Картада бұл өзен саласының аты жазылмаған. Әңгіме болып отырған ауыл сол саланың ежелгі аты — “Жабасақпен” байланысты.

“Жабасақ” атауының төркініне жол ашатын дерек — тунгус-маньчжур тілдерінде қолданылатын сөз. Бұл топтағы тілдердің бірқатарында “дзаваса” болып дыбысталатын сөз — “өзен саласы” деген мағынада қолданылады. Осы де-

ректі құптасак, “Жабасак” казак тілінде тек кана “өзен саласы” деген ұғым бере алады.

Жайық — сөзінің төркіні жөнінде пікір жазғандар оны “жайылған”, “жайылынқы”, “жайлану, жайласу” деген-дермен туыстырады.

Іздестіре келгенде, біз бұл сөздің ежелден осы тұлғада қалыптасқанына көзіміз жеткендей. “Жайықпен” тұлғалас сөзді қазіргі кездегі Алтай төңірегін мекендеген халықтардың тілінен табамыз. Алтай, аладаг тілдерінде “йайык” қалпында айтылатын сөз, қазақтар түсінігіндегі “су тасу, сел, тасқын” дегенмен сәйкес. Осы тілдерде оның “йайык+та” түрі “тасқын су басу” мағынасында қолданылады. “Тасқын” мағынасын беретін сөз чуваш тілінде өте ықшам қалыпта —“яю” болып айтылады. Дәл осы мағыналы сөз сәл ғана дыбыстық өзгерістермен тува тілінде —“дажыг” түрінде кездеседі.

Осы деректерге сүйене отырып, өзеннің “Жайық” аты оның тасыған кездегі көрінісіне байланысты берілген деп қорытынды шығаруға болады. Қорытындымызды В. В. Радлов сөздігіндегі “йайықта” сөзінің “тасқындау, толығу” мағыналарында көрінуі де қостай түседі.

Жоңғар Алатауы — Бір жақ шеті Қытай жеріне кіріп тұрған Қазақстанның шығысындағы тау жүйесі.

Екі сөздің тіркесі арқылы жасалған жер атауынан біздің әңгіме желісі етпегіміз — Жоңғар. Алатау жөнінде алғашқы жолдарда айтқан болатынбыз.

“Жоңғар” сөзінің тек-төркіні туралы жорамал жасаған зерттеушілер бар. Бұл сөздің пайда болуын олар монғолдың мына сияқты екі сөзінен деп қарайды: біріншісі —“дзюн”, бізше — сол (жақ), екіншісі —“гар”, қазақшасы — қол. Демек, “Жоңғар”— бізше айтсақ, “сол қол” немесе “сол қанат” деген ұғымды беретін көрінеді.

Біз бұған қосылмайтындығымызды білдіре отырып, өз дәлел, деректерімізді ұсынбақпыз.

“Жоңғар” тұлғалас сөздің монғолдарда сақталғаны рас. Бірақ жоғарыда түспал жасаушылар көрсеткендей “сол” және “қол” сөздерінен бірігіп пайда болмаған, шын мәнісінде, жер бедеріне атау боларлық қалыптағы сөзден келіп шыққан.

“Жоңғар Алатауы” жөнінде “Қазақ совет энциклопедиясында” мынадай анықтама бар: “...ең биік жоталарын мәңгі мұздақтар басып жатады, олардың жалпы саны 724”. Мұндай жоталарда өсімдік атаулы болмайтыны да айдан анық. Демек, тұлдыры жоқ, жалаңаш қия-жартастар.

Енді монғолдың жазба ескерткіштеріндегі сөздер мен оның мағынасына мойын бұралық. “Ианггир” дыбыстық

құрамдағы сөз, қазақ тіліндегі “жалаңаш тақырланған, өсімдіктен жүрдай” мағыналарын береді де, көп жағдайда таулы, жоталы жерлерге қолданылады. Монғолдардан якут тіліне өткен осы тұлға “джаңы” қалпында дыбысталып, “жалаңаш шын, өсімдіксіз биік тасты тау” мағынасында айтылады.

Осы келтірілген деректерден-ақ, “Жоңғар” атауының қалай пайда болғаны енді түсінікті шығар деп ойлаймын.

Жымпиты — Батыс Қазақстан облысындағы аудан орталығының атауы.

Осы кезге дейін бұл атаудың шығу тарихы, төркіні жөнінде ешқандай топшылау, жорамал айтушылар шамалы, жоқтың қасы. Сондықтан біз өз болжамымызды ұсынбақпыз.

Атаудың қалай пайда болуын анықтау үшін, ең алдымен сол жердің ауа райы, жер бедеріне шолу жасау لازم. Аудан құрғақ далаға орналасқан, жер бедері — үстіртті жазық; сайлы, жыралы, құмды жерлері де бар. Осы ерекшеліктері аталмыш мекен атауына негіз болуы әбден ықтимал.

Ең алдымен түркі тілдері дерегіне жол берсек, якут тілінде “эмпе” дыбыс құрамындағы сөз біздің тіліміздегі “құлама, бауырай, жар” деген мағыналар орнына қолданылады. Ал тунгус-маньчжур тілдерінің кейбіреуінде “иембу” тұлғасы қазақ тіліндегі “тыныш, ақырын” (ауа райы жөнінде) дегенді ұғындырса, “изпэ” сөзі біздегі “шұңқыр, ойпат, ойдым жер” деген мағыналар орнына жұмсалады.

Міне, осындай тілдік деректерге назар аударсақ, әңгіме болып отырған жер атауының төркінін табу онша қиынға соға қоймайды. Бұл жердің ауа райына, бедеріне біз жоғарыда келтірген сөздердің қай-қайсысы да дыбыс құрамы, мағына жағынан сәйкес келіп жатыр. Айырмашылық — кейбір дыбыстардың бірінің орнына бірі қолданылуы мен бізде соңына-ты жұрнағының қосылуы ғана. Бұл ерекшеліктерді тіл заңдылықтарымен дәлелдеу қиын емес. Мысалы, якуттардағы “э” орнына қазақ тіліне тән — “ж” дыбысын қойсақ, “жмпе” болады Әрине, “ж” мен “м” дыбысы арасына “ы” дыбысы кілікпесе, қазақ тілі заңдылығына қайшы келеді. Осыған орай “жымпе” одан әрі “жымпи” қалпына жетіп, оған ертедегі көптік қосымшасы -ты жалғанып (“Шідергі”, “өлеңті” т. б. сияқты), “Жымпиты” жер атауы туған. Мұны қазіргі тіліміздің тезіне салып, түсініктірек айтсақ: “құламалы”, “жарлы”, “ойпатты” мағыналарында көрінбек. Әңгіме болып отырған жер сипаты осыған сәйкестігін жоғарыда айттық.

Келес — Шымкент облысының Сарыағаш, Шардара аудандары арқылы ағатын өзен.

Бір зерттеуші бұл өзен атауын өзімізге белгілі “көл” сөзіне -ес қосымшасының жалғануы арқылы аз-кем өзгеріске түсіп, “келес” қалпына жеткен деп дәлелдейді. Екінші бір ғалым өзен атын “келес” аталатын кесіртке түрімен байланыстырады. Осы соңғы топшылауды шындыққа жақын деп қараймыз. Біз мұны мына сияқты қосымша деректермен растай түспекпіз. “Қазақ Совет энциклопедиясынан”: “Келес кесірткесі... Қазақстанның оңтүстігінде кездеседі” дегенді оқысақ, В. В. Радлов сөздігінде “келес” сөзі шағатай тілінде “кесірткенің бір түрі” деген түсінік береді.

Көрсетілген деректерді ескере келіп, өзен атауы “келес” аттас кесірткенің жиі кездесуімен байланысты туғандығына ден қоямыз.

Кеңгір — Жезқазған облысындағы өзен аты. Сондай-ақ Жамбыл облысындағы ескі өзен арнасы да дәл осылайша аталады.

Кейбір зерттеуші өзен атауын “Кенгер” деген ертеде өткен ру атымен салыстырады. Тарихта дәл мұндай ру, тайпалардың барлығына көз жеткізу қиын.

Біздің жобалауымызша, өзеннің “Кеңгір” атауына ие болуы оның көнелігі, ескілігімен байланысты болса керек. Мұны дәлелдеу үшін түркі тілдері ішінен тува тілінің дерегін ұсыналық. Оларда “кенгиргей” дыбыс құрамындағы сөз, қазақ тіліндегі “тозығы жеткен, көнерген, өте ескірген” мағыналарды меншіктенеді.

Шынында да, Жезқазған төңірегіндегі Кеңгір өзені суы аз, кей жерлерде үзіліп те қалып, зорға дегенде басқа бір өзенге құяды. Ал Жамбыл облысында — бұрынғы өзеннің арнасы ғана ертедегі атауын сақтап қалған.

Осы келтірген тілдік деректер мен өзеннің қазіргі кездегі сипаты, жоғарыдағы болжамымызды растай түсіп, “Кеңгір” сөзінің “тозған” деген мағынасын анықтағандай.

Керөлең — Талдықорған облысындағы елді мекен. Қазақ жерінде Кербұлақ, Кертау және тағы басқа бірінші буыны “кер”-мен басталатын жер атаулары баршылық.

Бізге жұмбақ — осы атаулардағы алғашқы “кер” сөзі. Жоғарыдағы атаулардың осы және басқа сөздердің қосындысынан туып тұрғаны да әркімге белгілі. Мұндағы “кер”-дің заттың түсін білдірумен байланысы жоқ екенін ескертпекпіз.

Ертедегі түркі тілдерінде “кер”-дің басқа да мағынасы болғандығын қырғыз тілінің мәліметі ашып бергендей. Онда: “Керүү” тұлғалы сөз “таудың жоғарғы жағы” немесе

“таудың шөп өскен баурайы” мағыналарында қолданылады. Осы дерекке сүйенсек, “Керөлең” мағынасы — “Тау баурайындағы өлең” дегенге мезгейді. Ал “өлең” дегеніміз шөптің бір түрі.

Дәл осы жүйемен талдасак, “Кербұлақ” — “тау баурайындағы бұлақ”, “Кертау” — “биік тау” мағыналарын бермек.

Күрті — Алматы облысындағы өзен және аудан, елді мекен атаулары.

Шежіре деректеріне карасак, ұлы жүз қазақтарының Күрті деген атасы болған. Осыған карап “Күрті” жер-су атауын сонымен байланысты карауға да болар еді. Бірақ Таулы Алтай төңірегінде осыған сәйкес “Күрттүкөл” сияқты жер-су атауы да бар. Сондықтан “күрті” сөзінің алғашқы мағынасын баскадай жолмен іздестірген жөн сияқты.

Түркі тілдерінің бірі туваларда біздегі “күр” (күстың бір түрі) мағынасына “күртү” дыбыстық құрамдағы тұлға сәйкес келеді.

Біздің ойымызша, қазіргі бізде “күр” аталынып жүрген күс түркі тілдерінде ерте кездерде тува тіліндегідей “күртү” калпында айтылып, бері келе казак тілінде “күр” одан әрі “күр” калпына дейін өзгеріске түскен болса керек. Қүстың “күртү” не “күр” болып аталған кездерінде, өзен бойында осы күстың жиі кездесуімен байланысты “күртүті” немесе “күрті” өзені аталуы ғажап емес. Сонда оның мағынасы — “Құрлы” болып түсіндірілмек.

Қабырға — Торғай облысы Жанкелдин және Аманкелді аудандарының көлеміндегі өзендер. Бірі — Жанкелдин ауданының оңтүстігі, екіншісі солтүстік жағында ағып жатады.

Өзеннің бұл атауы жөнінде бірнеше жорамалға жол беруге болады. Біздің тілімізде “қабырға” — “адам қабырғасы”, “үй қабырғасы” деген мағына берсе, баска түркі тілдерінде, әрегірек барсақ, тунгус-маньчжур тілдерінде өзгеше мағыналарға тап боламыз. Якут тілінде: “қабырға” — жұтқыншак, тамақ, алқым; ноғайларда “қабырға” — шет, шекара; татар, башқұрттарда: қабыра — тау баурайы, қия қабақ; хакасша: “қабырға” — шек, шет және тау баурайы іспеттес мағыналарда қолданылады. Тунгус-маньчжур тілдерінің кейбіреуінде “қапурға” тұлғалы сөз, біздің түсінігіміздегі — “сыну, бүліну, тозығы жету” дегендерге нұскайды.

Осы деректерді саралай келіп, ой елегінен өткізгенде “Қабырға” өзенінің атауын татар, башқұрт, хакас тілдеріндегі “Қия қабақ, тау баурайы” сияқты мағыналармен байланыста караған қолайлы көрінеді. Өйткені қандай өзен болмасын өз

бастамасын биік, үстірт жерден шығатын бұлақ, су көздерінен алатыны әмбеге мәлім. Демек, өзен атауы — өзі бас алып жатқан тау баурайының көптеген түркі тілдеріндегі ежелгі атауы —“қабырға”-мен байланысты туса керек.

Қалдығайты — Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының жерін басып өтетін өзен.

“Қалдығайты” өзені атауының шыққан төркінін монғол тіліндегі “бұлан” мағынасын беретін “хандгай” сөзімен ұштастыра қарау лазым. Оның “қалдығай” тұлғасына дейін өзгеруі түркі тілдеріндегі, қала берді, қазақ тіліндегі дыбыс сәйкестіктері заңдылығына қайшы келмейді. Бұл жерде қазақ тіліне ежелден жат “х” дыбысын “қ” алмастырса, монғол тіліндегі “н” дыбысы орнына жергілікті тұрғындар “л” дыбысын қолданған. Ал “д” мен “г” дыбыстары ортасына қысаң —“ы”-ның қыстырылуымен “г”-ның “ғ”-ға ауысуы да қазақ тіліндегі заңдылықтан шет кетпеген. Сөйтіп хандгай — қандғай — қалдығай қалпына дейін өзгеріске түскен. Сөз соңындағы *-ты* көптік мөлшерді білдіретін қазіргі *-лы* жұрнағының ерте кездегі дыбыстық баламасы. Осыдан келіп “қалдығай+ты” — “қалдығайты” пайда болып, дәл қазақша мағынасы —“бұланды” дегенді аңғартады. Бұған қарағанда, өте ерте заманда өзен бойын бұландар жайласа керек. Дәл солай болғандығын ел арасындағы көненің көзі — қариялар аузынан экспедиция кезінде естіген әңгімелер де анықтай түседі.

“Бұлан” мағынасын беретін бұл тұлғалас сөз тек монғол тілінде кездесіп қана қоймай, сәл-кем дыбыстық өзгерісте тунгус-маньчжур тобына жататын тілдерде де ұшырасады. Маньчжурларда: кандахан-бұғы; эвенкілерде: кандагаа — бұлан (лось).

Осы тілдік деректердің бәрін салыстыра келгенде, көрсетілген тұлғалардың түбірі жөнінде тағы да ой туады. Салыстыра қарағанда, сөз түбірі “қанда” екендігі байқалады да, ал одан кейінгі дыбыстық құрамдар (*-гай*, *-хан*, *-гаа*) әр тілдің өзіне тән қосымшалары болып шығады. Бұл жағдай сол ортақ түбір “қанда” тұлғасының біздің тіліміздегі мағынасын анықтауды талап етіп, соны іздеуге итермелейді. Мына бір тілдік деректер “хандгай” сөзінің пайда болуына көмегін тигізген десек, ойға оралымды да қонымды көрінеді. Маньчжур тілінде —“қанда”, нанай тілінде —“қандо” тұлғалары сиырдың, бұғының әукесі (мойын астындағы салбыраған тері) ұғымын береді. Шын мәнінде, “әуке” тек сиыр тектес хайуандарда болатынын еске алсақ, бұғының “хандгай” аталуы өте орынды.



Демек, “қанда” түбіріне әр тілдің өзіне тән — “бар” мағынасын иемденетін қосымшалары жалғану арқылы — “хандгай”, “қандахан”, “қандагаа” сөздері пайда болған. Бұлардың қай-қайсысының да қазақша мағынасы — “әукесі бар”, “әукелі” дегенді ұғындырады.

Дәл осындай жолмен пайда болған Қазақстан жерінде “Қандағатай”, “Қандағайты” аталатын таулар да бар. Бұлардың да пайда болуына “бұғы” мағынасындағы “хандгай” сөзі негіз болған.

Қапшағай — Алматы облысындағы Іле ауданы орталығы, қала. Кейін бұл тұста Қапшағай су қоймасы жасалған.

“Қапшағай” сөзінің тұңғыш мағынасы қалай болғанын анықтау үшін түркі тілдеріне зер салсақ мыналарды байқаймыз. Якут тілінде “хапсағай” сөзі “тез, шапшаң, епті”, ал “хаптағай” тұлғалы сөз “жазық, тегіс” мағыналарын берсе, туваларда “кашпагай”, кейде “капшагай” дыбыстық құрамдағы сөздер, “өжет, ыңғайлы, шапшаң” ұғымдарында қолданылады. Хакас тілінде де “хапчағай” сөзінің тува тіліндегідей мағына беретінін білеміз.

Енді түркі тілдерімен туыстас монғол тобындағы тілдерге бет бұрайық. Монғол тілінде “гавшгай” біздегі “шапшаң, пысық, жылдам, ысылған”, ал “хавтгай” қазақ тіліндегі “тегіс, жазық, жалпақ” мағыналары орнына жұмсалса, қалмақша “һавшун” — “батылдық, ер жүректік”, ал “хавчг” тұлғалы сөз біздегі “аңғар, сай” мағыналарын білдіреді.

Осы келтірілген тілдік деректерден “Қапшағай” сөзінің алғашқы мағынасы елес бергендей. Көрсетілген сөздердің қай-қайсысы болса да, дыбыстық құрамы жағынан, біз әңгімелеп отырған “Қапшағай”-дан онша жырақ кетпейді. Ал мағына жағынан — араларында алшақтық болса да, оның өзі де жер бедеріне байланысты.

Байқауымызша, біздегі “Қапшағай” аталатын жер аса биік таулы емес, керісінше, шатқал, сайлы, аңғарлы. Сондықтан ол жерден ағып жатқан өзенде жылдамдық, шапшаңдық болуы мүмкін емес. Осы себептерді арқау ете отырып, “Қапшағай” атауының алғашқы төркіні болуға — якут, монғол тілдеріндегі “жазық” мағынасын беретін “хаптағай”, “хавтгай”, әрі кетсе, “аңғар, сай” ұғымына ие, қалмақтың “хавчг” сөздері лайықты деп қараймыз. Сөйтіп “Қапшағай” — шатқал, сай, аңғар сөздерінің ертедегі түсінігі деп білеміз. Алайда, ертедегі түркі тілдерінде кездесетін “капчак” сөзін де естен шығаруға болмайтын сияқты. Өйткені оның берер мағынасы — “салаларымен

қосыла отырып, өзеннің құйылатын жері". Дәл осы төңіректе біріне-бірі құйылып жатқан өзен салалары да аз емес.

**Қаратұрық** — Алматы облысы Шелек ауданындағы жер аты.

Е. Қойшыбаевтың "Қазақстанның жер-су аттары сөздігінде" /1985 ж./ бұл атау поселкеге ғана меншікті болып көрінеді де, соған сәйкес түсінік беріледі. Яғни, "...мал өсіруші халықтар қонысы мағынасын білдіреді" дегенді айтады. Автор осы сөздігінің орысшасында "қара" сөзіне "қалың, тығыз" (густой, плотный), ал "тұрыққа"—"тұрақ" (стоянка) мағыналарын теліп, екі сөзді біріктіре келіп, "халықтың тығыз орналасқан мекені" мағынасын меншіктейді (1974, 124) деген тұжырым жасайды.

Тіршілікке жайлы, шұрайлы жерлерде адам әр кезде тығыз, қалың орналасады. Бірақ ол жерлердің бәрі бірдей "Қаратұрық" атала бермесе керек. Осы себептермен автор пікірімен келісу қиын.

"Қара" сөзінің түркі тілдерінде, қала берді, қазақ тілінде бірнеше мағынасы бар екендігі бәрімізге белгілі. Сөздің бірінші сыңары —"қара" дәл бұл жерде түр-түсті білдіретін сын есім орнында тұр. Ал, сөздің екінші бөлегі "тұрыққа" келсек, кейбір түркі және тунгус-маньчжур тобындағы тілдер сөздігінен мыналарды оқимыз. Тува тілінде: "турук", тұлғасы біздің тіліміздегі —"жартасты төбе" дегенді білдірсе, тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің бірі эвенкілерде де дәл осы тұлғалы әрі мағыналы сөз кездестіреміз. Әрине, бұл сөз оларға түркі тілдерінен ауысуы мүмкін.

Осы деректерді ескере келіп, "Қаратұрық" атауының тұңғыш мағынасы —"Қара жартасты төбе" деуге тура келеді. Атауды алған жердің сипаты мен бедері де осы ойымызды растай түссе керек.

**Қарғалы** — өзен атауы. Зерттеушілер мәліметіне зер салсақ, дәл осындай өзен атаулары Қазақстанда ғана емес, Сібір, Батыс Монғолияда да жиі кездеседі.

Кейбір ғалымдар өзеннің бұлай аталуын "қарға"-мен (күс аты) немесе М. Қашқари сөздігінде кездесетін — бізде қазір "қойтас" мағынасын беретін —"қарға" тұлғасымен байланыстыра қарайды.

Бірақ бізге кездескен тағы бір тіл деректері олардың тұжырымына қосылуға ырық бермейді. Монғолдың ертедегі жазба тілінде: "харгіл"— өзеннің тайыз (суы аз) жері дегенді білдіреді, қазіргі монғолдардағы "харгилаа" тұлғасы да дәл осындай мағынаға мезгейді. Якут тілінде:

“харгы” — тайыз су. Дәл осы мағынадағы тұлғалас сөзді тунгус-маньчжур тобындағы тілдерден де байқаймыз.

“Қарғалы” сөзінің төркіні өзендегі судың аздығын білдіретін монғол тіліндегі “харгилаа” немесе якут тіліндегі “харгы” сөздерімен тектес болуы ықтимал. Біріншіден, “Қарғалы” атауы көп ретте таудан ағатын өзендерге тән. Табиғатта таудан ағып жатқан өзеннің терең болуы кездеспейді десе де болады. Екіншіден, біз білетін, көз көрген дерек: Торғай өзенінің аяқ жағы “Қарғалы” болып аталады. Өзеннің бұл тұсында су тапшыланып, тайыздап, кейде үзіліп те қалады. Сондай-ақ М. Қашкари сөздігіндегі “карга” деп аталатын қойтасты бұл өзеннен іздесең де таппайсың. Осы дәлелдерді бетке ұстай отырып, “Қарғалы” атауының тууы өзен суының тайыздығына, жоғарыда көрсетілген тілдердегі — “харгилаа”, “харгы” сөздерімен байланысты болса керек деген жорамалға тоқтаймыз.

Қарқаралы — Қарағанды облысындағы тау, өзен, қола дәуіріндегі елді мекен орны, сондай-ақ қазіргі кездегі осы облыстағы қала, аудан және оның орталығының атаулары. Ал, “Қарқара” атаулы тау, өзен, елді мекен Алматы облысындағы Кегей ауданында да бар. Екі атаудағы айырмашылық, соңғысында -лы қосымшасының жоқтығы.

“Қарқара” немесе “Қарқаралының” алғашқы мағынасына іздеу салмастан бұрын, бұл тұлғалы сөздің қазіргі кездегі мағынасын іздестіріп көрейік.

Қазіргі қырғыз тілінде “қарқыра” сөзінің екі мағынасы кездеседі. Оның бірі — біздің тіліміздегі “көкқұтан” деген құс болса, екіншісі осы құстың қауырсынынан жасалған қыздар баскиімінің әшекейі. Дәл осы деректі В. В. Радлов сөздігінен де жолықтырамыз.

“Қарқаралы” сөзінің төркініне бізден бұрын шолу жасаған авторлардың бірі осы аттас жер-суларды сол құстың көптігінен туған десе, екінші бір автор — “гар” деген “биік қыр” түсінігін береді, осыдан келіп “Қарқара” атауы шыққан деп топшылайды, үшіншісі — “тау атауы қыздардың баскиімін салатын сандыққа ұқсатудан пайда болды” дегенді айтады.

Біз іздену барысында бұлардан басқа да тілдік деректерге тап болдық. Түркі тілінде сөйлейтін құмықтарда “қарқара” дыбыстық құрамдағы тұлға қазақ тіліндегі — “дене, кеуде, тұлға, сымбат, келбет, пішін, мүсін” мағыналарын меншіктенеді.

“Қазақ совет энциклопедиясының” мәліметіне зер салсақ, “Қарқаралы” өңірінде VI — VIII және VIII — XIII

ғасырларда ойып жасалған тас мүсіндердің өте мол екендігін байқаймыз. Олардың ішінде хан мен билердің ғана емес, батырлар, бой жеткен қыздар, аналарға арналған мүсіндер де молшылық. Осы іспеттес ғажап көріністеріне байланысты тау, қазіргі біздің түсінігіміздегідей “бейнелі, келбетті, мүсінді” болып аталуы әбден мүмкін. Сол кездерде бұл сияқты мағыналар біздің тілімізде де “қарқара” дыбыстық тұлғада айтылып, содан “Қарқаралы” қалыптасуы ықтимал. Қайталап айтайық, бұл атау қазіргі түсінігіміздегі “мүсінді, келбетті” дегенмен бірдей.

Өзен атауы “Қарқаралы” да осымен байланысты деуге де болады. Өйткені өзен бастауы “Қарқаралы” жоталарынан екендігін ескермеске болмайды.

Екінші бір тілдік дерек — түркі тілдерімен туыстас тунгус-маньчжур тобынан табылып отыр. Осы топтағы кейбір тілдерде “қалқари” сөзі қазақ тіліндегі “қызыл тал” мағынасында қолданылады. Мұндағы ерекшелік бірінші бұрында “р” дыбысының орнына “л”-дың айтылуы. Дәл осы сияқты дыбыс алмасулары Алтай жүйесіндегі тілдерді былай қойғанда, түркі тілдері ішінде де кездесе береді.

Тіл туыстықтарын еске алсақ, бұл деректі де “Қарқаралы” жер атауының пайда болуына себепші болуы мүмкін дей аламыз. Өйткені, әдетте, жер-су атаулары жаратылысы мен табиғи өсімдіктерге байланысты туып отыратындығын да ұмытпаған жөн. Демек, қызыл талдың көп, жиі өсуінен де “Қарқаралы” атауының пайда болуы қисынсыз құбылыс емес.

Қорыта айтқанда, біз “Қарқаралы” атауының төркіні жөнінде, соңғы көрсеткен екі тілдік дерекке ден қоямыз.

Қармақшы — Қызылорда облысындағы аудан аты. Сөз төркініне шолу жасаған кейбір зерттеуші аудан және елді мекен атын түрік тіліндегі “қормақ” (бізше бірнәрсені “күру, орнату”) етістігімен байланыстырады.

Әрине, бұл қисынсыз жорамал. Тарихқа зер сала қарасақ, ХІҮ — ХҮ ғасырларда осы төңіректе жергілікті халық әулие тұтқан Қармақшы есімді адам өмір сүрген. Аудан орталығынан 1—2 шақырым жерде сол әулиенің күмбезді ескерткіші осы кезге дейін бар. Сөз жоқ, аудан және оның орталығы әулие есімімен байланысты қойылған. Мұнымен біз “Қармақшы” атауының түп төркінін таптық дей алмаймыз.

Адам есімі, көп жағдайда, аң, құс атауымен байланысты болып та келе береді (Арыстан, Бүркіт, Жолбарыс, Қаршыға т. б.). Егер осы жағдайды еске ұстап, әрі қарай іздестіре

түссек, түркі тілдері ішінен мына бір дерекке кездесеміз. Шор тілінде “қарбакчы” сөзінің мағынасы біздің ұғымымыздағы “қараторғай”-ға нұсқайды. Кім біледі, өте ерте кездерде бұл сөз бізде де болуы ғажап емес. Ал, “б” мен “м” дыбыстарының алмасып келуіне таңдануға болмас. Басқа түркі тілдерін былай қойғанда, қазақ тілінің өзінде “мұндай”, “бұндай” қалпында да айтыла береді ғой.

Сөйтіп адам аты және әңгіме болып отырған жер атауы “қараторғай” мағынасын беретін “қарбакчы” немесе бізше “қармақшы” сөздерімен тектес болуы ықтимал.

“Қарлығаш” сияқты адам аты болғанындай, “Қараторғай” деген де болатындығына Сыр бойынан шыққан әнші анамыздың есімі куә болғандай. Бұл ол кісінің лақап аты, шын есімі — Шолпан.

Сондықтан, қараторғайдың молдығынан — “Қармақшы” атауы туған деген жорамалға тоқтадық.

Қаскелең — Алматы облысындағы өзен және қала, аудан аты.

“Қаскелең” атауы туралы бұрынғы бір зерттеуші былай деп мәлімдейді: “Көне түркіше “қашқа” және “йелең” тұлғаларынан қалыптасқан атау. Этимологиясы: “тасқын су” мәндес атау”. Бұдан әрі еш нәрсе айтылмаған.

Сөз болып отырған өзеннің көзі таудан басталады. Әдетте, таудан аққан суға тән қасиет — тыным таппай жылдам әрі шапшаң қозғалу. Жоғарыдан төмен қарай аққан өзен суы мол болса, екпіні күшті, жолында кездескен нәрселерді бұзып-жарып, қирата отырып, өзінің еркін ағысына жол салады. Тау суының осы қасиеттеріне ие боларлық түркі тілдерінен сөз табылады. Мысалы, алтай, телеуіт тілдерінде “қосқолон” тұлғасының бізше айтсақ: “тынышсыз” және “бұзып-жару, қирату” сияқты екі мағынасы бар. Сөз түбірі “қоско”-ның “орнынан қозғау”, “төңкеріп тастау” ұғымдарының барлығын да осы тіл деректері анықтап береді. Бұларды біз В. В. Радлов сөздігінен келтіріп отырмыз.

Мағынасы дәл осындай, дыбыс құрамы сәл өзгеше сөзді қазіргі якут тілінен де табамыз: “урусхаллан” тұлғасы қазақша “қирату” мағынасында қолданылады. Мұнда сөздің екі буынына ғана дыбыстық өзгеріс енген. Ол өзгерістер түркі тілдеріндегі дыбыс құбылыстарына сәйкес келіп отыр. Якут тілінде біздегі кей сөздердегі бастапқы дыбыс түсіріліп айтыла береді (бізде — “сегіз”, якут тілінде — “ағыс”). Сондай-ақ түркі тілдері ішінде “р” дыбысының тұрақсыздығы да белгілі құбылыс. Осыларды ес-

керсек, “урусхаллан”-ның “косколоң”-нан айырмашылығы жоқтың қасы.

Бұған қоса мына бір тілдік деректі де айта кеткен дұрыс болар. Тува тілінде “килең” сөзінің негізгі мағынасы — бізше айтқанда “долылық, тасқынды” калпында көрінеді. Осының алдына якут тіліндегі “төңкеріп тастау” мағынасындағы “Коско”-ны қойсақ “коско килең” болып, қазақшаласак “долдана төңкеріп тастау” деген тіркес туады.

Сондықтан өзеннің “Қаскелең” атауы жоғарыда көрсеткен қасиеттерінен туындаған дей аламыз. Қала, аудан аттары осы өзенмен байланысты тұрақтанған.

Қобда — Ақтөбе облысындағы өзен және аудан атаулары.

Бұл атаудың төркінін іздестіруші екі автор бір ізден шығып, оны парсының “су қоймасы, бассейн” мағыналарын беретін — “хавза” сөзімен туыстырады. Парсы тілінде мұндай сөздің бар екенін теріске шығара алмаймыз. Осы сөздің қатынасуымен Түрікмен республикасының ірі қалаларының бірі — Ташауздың пайда болғаны да рас. Алайда, Қазақстан жерінің солтүстігіндегі Қобда өзенін парсының “хавза” сөзімен жанастырудың қисыны келмейтін тәрізді.

“Қобда” сөзінің төркінін түркі тілдерінің өзінен, әрі кетсе туыстас тілдерден іздестірген шындыққа жақын келмек.

Ең алдымен ертедегі түркі жазба ескерткіштеріне назар аударсақ, “қопдақ” немесе “қовдақ, қовдаш” сөздерін кездестіреміз, мағынасы — “сараң, тойымсыз, обыр”. Енді қазіргі кездегі кейбір түркі тілдері деректеріне жүгінсек, якуттарда: “хобдох” — “жаман, қанағаттанарлықсыз”; тува тілінде: “хоптак” — “мешкей, қомағай” ұғымдарын береді.

Монғол тобындағы тілдерге келсек, монғолдарда: “ховдог” — “тойымсыз, ашқарақ, қомағай”, ал қалмақтарда: “ховдг” тұлғалы сөз мағынасы — дәл монғол тіліндегідей, бурят тіліндегі “хобдог”-тың да түсініктері монғол мен қалмақ тілдерімен бірдей.

Тунгус-маньчжур тобындағы кейбір тілдерден де осыған сәйкес сөздерді ұшыратып, мағыналарының да алшақ кетпейтіндігін байқаймыз.

Жоғарыда көрсетілген тіл деректерін салыстыра отырып мынадай жорамалға жол беру ойындамыз.

“Қобда” өзені өтіп жатқан жердің табиғаты — үстіртті жазық әрі бор мен саз балшықты екенін ескерсек, кішкене өзеннің суы соларға сіңіп, өзге жерге өрістей алмайтын жағдайы байқалады. Осы себептен де жерді сумен толық қанағаттандыра алмауы да заңды. Оның үстіне жанбыр

суы да аз. Демек, өзен арнасының сулы деңгейі төмен деген сөз. Осы жаратылысына байланысты қазіргі “тойымсыз, обыр” мағынасындағы ерте уақыттағы түркі сөзі “қобда” өзен атына меншіктелген деуге болады.

**Қорам** — Алматы облысындағы Шелек ауданына қарасты ауыл аты. Іле Алатауының етегіне орналасқан, Шелектен 12 шақырымдай жерде.

Түркі, монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің бір қатарында осы атаумен тұлғалас сөздер көп-ақ. Бірақ, мына біз төркінін қарастырғалы отырған жер бетінің бедеріне байланысы жоқ болғандықтан, оларды атап жатуды артық санадық.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің сөздігінде “қорум” — қазіргі ұғыммыздағы “тас қиыршықтары, жартас сынықтары, қойтастар” мағынасын меншіктенген.

Қазіргі түркі тілдері мәліметтеріне назар салсақ, мына деректерді байқаймыз. Ұйғыр тілінде: қорам — “тау жынысының опырығы”; қырғыздарда: қорум — “жартастан құлаған үлкен тастар үйіндісі”; тува тілінде: хорумнаар — “тастар”; хакастарда: хорым — 1) “зәулім, биік жартас”; 2) “тас қиыршықтары” мағыналарында айтылады.

Мәлім етіліп отырған тілдік деректерге арқа сүйей пікір айтсақ, қазіргі “Қорам” деген жер атауы ертеде не биік жартас, не тастардың қиыршық, сынықтары көп болған орны деген жорамалға жетектейді. Қазіргі кезде оның орналасқан жері тау баурайының болуы да жорамалымызды жоққа шығармаса керек деген ойдамыз.

**Қорасан** — Қостанай облысындағы Тобыл өзенінің бір саласы.

Бұдан басқа мұндай атауды “Батырлар жыры” және ел аузындағы аңыз әңгімелерден ұшыратамыз. Бұларда көбіне “Қорасан тауы” тіркесінде айтылады.

Аты естір құлаққа таныс, үйреншікті болғанмен, жеме-жемге келгенде “қорасан” сөзінің дәл мағынасын әркім біле бермейді.

Сөз төркініне түркі тілдерінен дерек кездестіре алмадық. Бірақ араб тілінде осы тұлғаға жақын “хорошун” дыбыс құрамындағы сөз, қазақ тіліндегі — “шын”, “биік тау” мағынасында жұмсалады. Осыған қарап, “Қорасан тауы” — “биік тау” екенін білеміз. Ал Тобыл өзенінің саласы Орал тауының бір биік шыңынан бас алғандықтан “Қорасан” аталуы ғажап емес.

**Қорғалжын** — Ақмола облысының жеріндегі көл. Осы көлдің атында аудан және оның орталығы бар.

“Қорғалжын” сөзінің арғы тегі жөнінде бір зерттеуші: “Көне түркілер этнонимі”— деп келте қайырса, енді бір ғалым: “Көл аты судың түсі қорғасынға ұқсас болғандықтан қойылған болуы ықтимал” сияқты өзінен бұрын пікір айтқан зерттеушіні мақұлдай түсіп, “қорғалжын” мен “қорғасын” сөздерінің сәйкестігін дәлелдеумен сөзін шектейді.

Түркі тілдерінде қалайы мен қорғасынның айтылуы дыбыстық жағынан сәйкес екендігі рас. Мысалы, якут тілінде —“хорғолжун”— қалайы; ал, қойбол мен қачин тілдерінде: “қорғаиын”— қорғасын деген түсініктер береді.

Алайда, соңғы авторлардың көл атауын “қорғасын”-мен байланыстыруы көңілге онша қона қоймайды. Өйткені көл бетінің қорғасынға түстес келмейтіні шамалы-ақ шығар.

“Қорғалжын” сөзінің төркінін әрегіректен іздестірсек, мына бір дерекке тап боламыз. Тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің бірінде “ғорғолоджи” дыбыстық құрамдағы тұлға біздің түсінігіміздегі —“үйенкі”, “тал” сияқты ағаштарға атау есебінде берілген.

Ойымызды осы дерекпен орайластырсақ, Ақмола облысындағы көл атауы соның маңайында өсетін үйенкі, талмен байланысты туған десек, шындыққа бір табан жақындық байқалатын тәрізді. Өте ерте кездерде бұл сияқты ағаш түрлерін біздің жерде де “қорғалжын” деп айтпағанына кім кепіл бола алады. Егер сол көл маңында қорғасын кені болса, мәселе басқаша, ал судың түсі қорғасын іспеттес деп, көлге ат таңу шындыққа онша жанаспайды.

Қордай — Қырғыз Алатауының батыс сілеміндегі асу. Республикамызда осы аттас аудан және оның орталығы бар.

Бұл атаудың шыққан тек-төркіні туралы да екі түрлі пікір бар. Біріншісі, “құрдың тауы” дегеннен шыққан сияқты жорамал жасайды да, “құр”-дың мағынасын ашпайды. Біздің шамалауымызша, құстың атауы болса керек. Екінші автор, “Қордай” атауын “қар” сөзімен тектестіреді де, оған көне жұрнақ -дай қосылу арқылы, осы атау пайда болып, қазіргі түсінігі —“қарлы” (асу) деп түйіндейді. Үшінші ғалым бұл атаудың негізінде, біздің тілімізде “жанбырлы” деген мағына беретін, монғолдың “хуртай” сөзі жатса керек дейтін пікірді ұстанады.

Шындап келгенде, бұл — таудың аты емес, тау арқылы өтетін жол, асу. Ол өте ерте заманнан бері жолаушыларға тауды тесіп өткендей тура да төте жол қызметін атқарып келгендігі тарих деректерінен белгілі. Біздің ойымызша жердің осы қасиетін, қызметін еске ала отырып, соған сәйкес түркі тілдерінен төркін боларлық сөз іздестірген жөн.



Ең алдымен түркі тілдері ішінде көне саналып жүрген якут тілі дерегіне жол берсек, “курдат”— төте, тура, ал “курдат суол” тіркесі —“тура жол”, “курдатта” — “тура жүру, кесіп өту” мағыналарында қолданылады. Ал тува тілінде: “кудургай” — “асып өтетін жер”— деп түсіндіріледі. Одан әрі тунгус-маньчжур тілдерінің кейбіреуінде “курдари” дыбыстық құрамдағы тұлға біздің тіліміздегі “тесіп өту” ұғымына ие. Бұларға якут тілінен ауысқан.

Якут тілінде “курдат”, казак тілінде “қордай” болуын тағы да түркі тілдеріне ортақ дыбыс сәйкестіктерінен деп қараған дұрыс. Әсіресе, сенімсіздік тудыратын құбылыс — якуттардағы “т” дыбысының бізде “й”—ға айналуы. Дәл осы “т” мен “й” дыбыстарының сәйкестік заңдылығын анықтай түсу үшін якут тілінен бір-екі сөзді ұсынайық: “атах”, “тот”. Осы аталған сөздер казак тілінде “айак” (аяқ — дене мүшесі), “той” (тойып ішу) қалпында дыбысталады.

Осы тілдік деректерді ұсына келіп, қорыта айтқанда, “Қордай” атауының мағынасын —“төте, кесіп өтетін, тура асу” қалпында ұғынамыз. Бұл топшылауымызды оның атқаратын қызметі де анықтағандай.

Қотанқарағай — Шығыс Қазақстан облысындағы жер, аудан және оның орталығының атауы.

Әңгіме болғалы отырған жер атауының жазылуы да бізде әр түрлі. “Қазақ совет энциклопедиясында”— Катонқарағай; А. Әбдірахманов зерттеуінде — Қатонқарағай; Е. Қойшыбаев “сөздігінде”— Қотанқарағай.

Жазуда әр қилы болып келіп отырған біріккен сөздің бірінші сыңары —“Қатон” немесе “қотан”, кейде “катон”.

Осы алғашқы сөздің төркінін іздестірушілер де әр түрлі пікірде. Біреуі, “катон” сөзін “қайың”—ның ертедегі атауы деп қарап, “қатонқарағай”—дың қазіргі түсінігі “қайыңқарағай” деп топшылайды; екіншісі, қазіргі тіліміздегі “қотан” сөзімен теңдестіріп, “қоршау қарағай” мағынасында түсінеді; үшінші автор, “қотан” тұлғасына “дөңгелене орналасу” ұғымын береді.

Түркі және монғол тобындағы тілдер дерегі “қотан” сөзі — осылардың қай-қайсысында да ерте кезде қолданылған, екеуіне де ортақ екенін көрсетеді.

Біздің тілімізде “қотан” сөзінің ежелден келе жатқандығына — оның “қора” мағынасында қолданылуы немесе “алқа-қотан” қос сөзі құрамында кездесулері-ақ куә болғандай.

Монғолдардың ертедегі жазба тілінде “хотан”—ның —1) қала; 2) киіз үйлер тобы; 3) қала сыртындағы қорған (қабырға) мағыналарын меншіктенсе, қазіргі монғолдарда

алғашқы екі мағына осы күнге дейін сақталған да, үшінші мағына орнына біздегі сияқты “мал қорасы” деген қолданылады. Бурят тілінде — “хотон” — “мал қорасы” — мен бірге “ауылдың топтала, дөңгелене қонуы” мағынасын да меншіктенеді.

Мына келтірген тілдік деректерімізге қарағанда, монғол тобындағы тілдердегі “хотан”, “хотон” тұлғалары немесе біздегі “қотан” сөзінің алғашқы мағынасы — “топтана”, “дөңгелене орналасу” болса керек. Сондай-ақ осы сөздің қатынасуымен жасалған “Қотанбұлақ”, “Қотанкөл”, “Қотансор”, “Қотанжыңғыл” іспеттес жер-су атаулары қазақ жерінде баршылық.

Сөйтіп “Қотанқарағай” дегеніміз қазіргі түсінігіміз бойынша “топ Қарағай” немесе “дөңгелене өскен қарағай” дегенге нұсқайды.

Бұл сөздің біздің тілімізде жазылуы тек қана “Қотанқарағай” қалпында көрінуі дұрыс болмақ. Өйткені тіліміздегі “алқа-қотан”, “қотандағы қой” қос сөзі мен сөз тіркестеріндегі “қотан” сыңары ешқашанда “қатон” түрінде жазылғанын көрген емеспіз.

Қошалақ — Атырау (бұрынғы Гурьев) облысы Теңіз ауданы мен Торғай облысы Жанкелдин ауданындағы жер атауы.

Торғай облысындағы Қошалақ аталатын жер Жанкелдин ауданының орталығы Торғай поселкесінің солтүстігінде 30—40 шақырым шамасында орналасқан. Жер сипаты — ояң, жазық болып келеді, бұрын көлдің орналасқан жеріне ұқсайды. Қазір мал жайылымына ғана жарамды.

Жердің біз көрсеткен бедеріне лайықты сөздер түркі, монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдерден табылып қалады. Ең алдымен, ертедегі түркі жазба ескерткіштеріне көз салсақ, “алаң” сөзі қазіргі түсінігіміздегі “жазық, тегіс” мағыналарын иеленген.

Енді қазіргі түркі тілдері дерегіне кезек берсек, мынадай мәліметтерге кездесеміз. Тува тілінде: “қужурлуг” — сортаң, сортанды (жер); чуваштарда: “хуш(а)” — кеңістік; бос жер; якутша: “хочо” — таза далалық, алқап, ал “хочолох” — алаң, алқап; хакастар сөйлеуінде: “хус” — шатқал мағыналарын береді. Бұған қосымша якут тілінде “алаас” және “алыы” сөздерінің де “алаң” мен “шілік өскен жер” мағыналарын меншіктенетіндігін айта кетелік.

Ал, монғол тіліне келсек, мұнда “хужир” сөзі біздегі “ащы, сортаң” (жер) мағынасында қолданылады. Маньчжур тілі дерегінде “қочо” дыбыстық құрамдағы тұлға біздің ұғымымыздағы “аулақ, оңаша жер” дегенмен барабар.

Осы келтірген тілдік деректердің қайсысы да біз әңгіме етіп отырған “Қошалақ” атауына төркін боларлық дәрежеде. Басқа мәліметтерді қосып-шатып, біріктіріп әуре болмай-ақ, якут тіліндегі бір ғана “хочолох” сөзін алсақ та мына біз көлденең тартып отырған қазақ сөзі — “қошалақ”-тан бөле-жара қарауға ерік бере қоймайды. Оның мағынасы біз сипаттаған жер бедерімен қабысып жатыр. Сол якут тіліндегі “хочо” мен “алы” не “алаас” сөздерін біріктірсек те, “қошалақ”-тан тұлғасы мен мағынасы онша алшақ кетпейтіндігі көрініп-ақ тұр. Сөйтіп “қошалақ”-тың тұңғыш мағынасы — “алқап, алаң, онаша орын” болған.

Құла түз. Бұл белгілі бір жердің атауы емес. Алайда, табиғат, жаратылыс құбылысымен, жермен байланысты қолданылатын сөз тіркесі болғандықтан, алғашқы сөздің төркінін анықтай кетуді міндет еттік.

Тіліміздің түсіндірме сөздігінде бұл тұрақты тіркеске — “жан аяғы баспаған, елсіз дала” деп анықтама берілген. Осы тіркестегі “құла” тұлғасының мағынасы жеке тұрғанда кез келген адамға түсінікті бола бермесе керек. Мұның түр-түсті білдіретін “құла”-мен (құла кер, құла жылқы т. б.) байланысы жоқ, үш қайнаса да сорпасы қосылмайды. “Құла” сөзінің арғы тегі — араб тілі. Оларда “қулу” тұлғалы сөз біздің түсінігіміздегі — “қаңыраған, бос” мағыналарында қолданылады. Ал, “түз”-дің мағынасы “дала” дегенмен бірдей екендігін өздерің білесіңдер. Осы тұрғыдан алып қарағанда “құла түз” — “қаңыраған, бос дала” ұғымымен бірдей.

Қызбел — Торғай облысы Жанкелдин ауданы жеріндегі қырқа атауы.

Ел аузындағы аңыз бойынша, қыратты жерге алыстан қарағанда жатқан қыздың бейнесін елестетіп, орта шенінде жота жіңішкере келіп, қыз беліне ұқсатудан “Қызбел” атауына ие болған тәрізді.

Шын мәнінде солай ма, әлде аңыз ба — біз мұны ашып айта алмаймыз.

“Қазақ совет энциклопедиясында” — “Қызбелтау” болып аталған. Биіктігі 200 метрден астам ғана дөңес. Мұнда сарқырап ағып жатқан бұлақ суы да тапшы.

Осы сипатын еске ала және тілдік деректерге сүйене отырып “Қызбел” атауының пайда болуына мынадай болжам айтпақпыз.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде “қыз” сөзінің бірнеше мағынасы бар. Соның бірі — “саран, сығырдаң”. Бізше, “Қызбел” біріккен сөздің біріншісіне, осы мағына сәйкес көрінеді. Өйткені мұнда бұлақ көзі тапшы. Ал, “бел” сөзіне келсек, ол “қырат, төбе” мағынасында тек бізде ғана

емес, сағай, қойбол сияқты түркі тілдерінде де “пел” қалпында айтылып, “төбе, төмпешік” ұғымын иеленеді. Осыларға сүйене отырып, “Қызбел”-ді қазіргі түсінігімізге сәйкестесек, “Сараң төбе” болмақ. Жорамалымыз аталған жер табиғатына жуықтай түсер деген ойдамыз.

Лепсі — Талдықорған облысы жеріндегі өзен. Және осы өзен атына қойылған сол облыстағы аудан орталығы мен темір жол стансасы.

Өзен атауының шығу тарихы туралы бұдан бұрын айтылған екі пікір бар. Солардың бірі — “лапылдап қатты ағатын өзен” болғандықтан, кейін дыбыстық өзгеріс нәтижесінде “лап”-тан “леп”-ке айналған. Екіншісі — “көне түркілердегі сай, өзен, сала, жыра мағынасында қолданылған “лаба//лапа” сөздеріне “су” тұлғасы қосылу арқылы “Лепсі” пайда болған дегенді айтады.

Кейбір түркі тілдері, соған туыстас басқа да тілдердің дерегін көлденең тарта отырып, біз өз топшылауымызға жол беріп көрейік.

Қазіргі түркі тілдері ішінде: құмықша — “лап”, тува тілінде — “ылап”, ал монғол тобына жататын қалмақ тілінде — “лавта” сөздері біздің қазіргі түсінігіміздегі “толық, толы” мағыналарына ие. Міне, осы тұлғалар кейінгі уақыттарда қазақ тілінде “леп” дыбыстық құрамға дейін өзгеріске ұшырап, оған басқа авторлар көрсеткендей, “су” сөзінің де құбылған түрі қосылып, “лепсу” — “лепсі” тууы заңдылықтан сыртқары кетпейді. Сонда бұл “толық сулы өзен” дегенге меззейді.

Мұны өзеннің табиғи жаратылысы жөнінде жазылған мына бір жолдар да мақұлдағандай: “Лепсі жер асты, жауын-шашын, мұздық сумен коректенеді. Жылына су деңгейі 2 рет: көктемде, жазда көтеріледі” (Қазақ сов. энциклопедиясы). Әсіресе, өзен суы деңгейінің жылына екі рет көтерілуі өте сирек кездесетін жағдай. Мұндай өзеннің арнасының суға толық болуы да шындық. Оны “Толық сулы өзен” деуіміздің де мәнісі осында.

“Лепсі” сөзіне төркін болуға лайықты басқа да деректер жоқ емес. Мысалы, чуваш тілінде: “Леп” дыбыстық құрамдағы сөз “жылырақ”, ал “леп шыв” тіркесі біздегі “жылылау су” мағынасында қолданылады. Былай қарағанда, “лепсі”-ге төркін болуға осы лайықты көрінеді. Сонда “Лепсі”-міз — “Жылы сулы” өзен болмақшы. Біз осы екі жорамалдың алғашқысына ден қойыңқырадық.

Маңқыстау — Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы түбек, шығанақ, тау атаулары.

Маңқыстау атауының төркіні, шыққан тегі туралы жорамал айтушылар көп-ақ. Солардың бірі, оны “мың қыстақ” /қыстақ — елдің қысты күнгі мекені/; екіншісі, “маң” сөзіне “қой” мағынасын таңып “қой қыстағы”; үшіншісі “маңғысты”—“айдаһар, жыртқыш аң” мағынасымен байланыстырып, “*tau*”—ды туынды сын есім жасайтын жұрнақ деп таниды. Бұл турасында басқа да осы іспеттес долбарлар бар.

Осы тұрғыдан алғанда, оны “маңғыс” және “тау” сияқты сөздерден біріккен тұлға деп ұққан лазым. Өйткені бұрынғы авторлардың бірі көрсеткендей, түркі тілдерінде де, әрегірек барсақ, монғол тобындағы тілдерде де “манғұс”, “мангас” дыбыстық құрамдағы сөздердің “кесірткенің бір түрі” немесе “жыртқыш аң” мағынасында қолданылатындығы шыныдық.

Біз өз тарапымыздан бұл деректі мына бір мәліметпен толықтыра түспекпіз. В. В. Радлов сөздігінде алтай, телеүит тілдеріндегі “маңғыс”— сөзінің бірінші —“көкқасқа шегіртке”, екінші —“жойқын күш, жалмауыз күш” мағыналары көрсетілген. Әрине, соңғысы — туынды ұғым. “Көкқасқа шегіртке” дегеніміз дәнді өсімдіктерді, әсіресе, егістіктердегі өнімді тып-тыпыл етіп, жалмап өтетін, тобымен жүретін шегіртке түрі екендігін екінің бірі біледі.

Бір кездерде бұл өңір осындай шегіртке түрінің мекені болып, таулы өңір баурайындағы егістікті жалмап отыруы да ескермейтін жағдай емес. Сөздің екінші бөлегі “тау” сөзі ежелден сол мағынаны беретін, әрі кетсе “тағ” қалпындағы тұлға болуы мүмкін.

Осы қосымша дерекке сүйенсек, Маңғыстау жер атауының алғашқы мағынасы —“Шегіртке тау” болуы да ықтимал.

Тағы бір еске сала кетерлік дүние — парсы (иран) тілінде “манһус” сөзінің “түнеріңкі, жабырқаңқы” және “бақытсыз, сорлы” түсініктерін кездестіреміз. “Маңғыстау” сөзінің төркінін ауызға алғанда бұл да сырт қаларлық дерек емес.

Мойылды — Павлодар қаласы жанындағы курорт және Ақмола, Торғай облыстары жеріндегі өзен атаулары.

Қазақ даласында Мойынты деген де жер-су аты молшылық. Бірақ мына біз әңгіме етіп отырған Мойылдыны онымен шатастыруға болмас.

Басқа жер-су атауларының төркінін іздеп табудан гөрі бұл оңайырақ. Өйткені “мойыл” деген жемісті білмейтін қазақ баласы кемде-кем. Осы өсімдіктің көп өсетін жерін “Мойылды” демеске болмайды. Соңғыды — қосымшасы да осының көп өсетіндігін білдіретін жұрнақ. Тілімізде

мұндай жұрнақ арқылы пайда болған жер атаулары көп-ақ (Жыңғылды, Қарағанды, Талды көл т. б.)

Дәл осы жолмен сөз жасалу түркі тілдерімен туыстас монғол тобындағы тілдерде де жиі кездеседі. Мысалы, бурят тілінде “мойлто” біздегі “мойыл өсетін ойпаң жер” деген түсінік береді.

Мұғалжар — Қазақстанның солтүстік-батысындағы қырқалы, таулы жер. Ақтөбе облысында осы атауды меншіктенген аудан және темір жол стансасы бар. Кейбір автор өз еңбегінде Мұғажар тұлғасында жазған.

Жер атауын Е. Қойшыбаев пен А. Әбдірахманов сияқты зерттеушілер ертедегі түркі ру, тайпалары аттарымен байланыстырады. Алғашқысы “мұған жары” (мұған — түркі тайпасы деп көрсетеді), кейінгі автор венгрлердің өздерінің айтуындағы “мадьяр” халқымен тектестіреді.

Бұл топшыламаларды құптауды қолайлы көрмей отырмыз. Оның түрлі себептері бар. Біріншіден, “мұған” атты түркі ру, тайпасы жөнінде ауыз тұшырлықтай тарихи дерек жоқтың қасы. Екіншіден, мекендеген жер атауының ру, тайпаларға жағысуы сирек кездесетін жағдай. Осы себептен де, мұғалжар венгрлердің “мадьяр” аталуына әсерін тигізген деудің де қисыны бола бермейтін сияқты. Венгрлердің V ғасырға дейін қазіргі башқұрттар орналасқан жерде болғаны тарихтан белгілі. Бірақ сол кезде венгрлер өздерін “Мадьяр” демей “Магна Нунгария” (Үлкен Венгрия) деп атаған. Бұл да Мұғалжар атауының мадьярмен байланысы жоқтығының дәлелі болса керек.

Жер-су атауы әдетте олардың бедеріне, жаратылыстағы бейнесіне, құбылысына байланысты қойылады. Біз араб тілі дерегін ұсынбақпыз. Онда: “махаджар” сөзі біздің түсінігіміздегі “тас жару”, кейде “тасты” іспеттес ұғымға нұсқайды. Ал, парсы тілінде “мәһджәр”— шарбак, дуал; “моһәдждәр”— тасқа айналған, тас болып қатқан мағыналарын береді.

Түркі тілдері мен араб, парсы тілдері арасындағы ауыстыйс өте ерте заманнан басталғанын ескерсек, мына көрсеткен деректерді сырт қалдыруға болмайды.

Қазақ жеріндегі Орал тауының оңтүстік сілемі тасты, қыраттары кейде дуал, шарбак қалыптас болып келетінін білеміз, ендеше, “Мұғалжар” тауының атауын “мәһджәр” сөзімен байланыстырудың ешқандай әбестігі жоқ. Сөйтіп “мұғалжар” мағынасы “тасқа айналған” немесе “тасты дуал” боп шығады.

Мұқыр — Батыс Қазақстан, Семей, Жезқазған, Атырау облыстары жеріндегі өзендер аты. Бұл өзендердің қай-қайсысы болса да, қысқа. Ең ұзын дегені — 81 шақырым.

Өзен атаулары монғол тобындағы тілдер арқылы пайда болған. Ұзаққа созбай-ақ бір ғана мысалмен түйықтайық. Монғол тілінде “мохоо”— доғал, ұшы жоқ, ал “мухар”— “қысқа, мұқыл, түйық” мағыналарында қолданылады. Өз тілімізде де “мұқыр” сөзі ұшырасады. Демек, бұл монғол, түркі тілдеріне ортақ сөз.

Бұл деректер “Мұқыр” сөзінің қысқа өзен, түйық жоталарға атау болып белгіленетінін байкатады.

Мұхит — жаратылыстағы ұшы-қиырына көз жетпейтін көлемі зор, аса үлкен суларға берілген ат. “Мұхит” атауын иеленетін жер шарында төрт-ақ су қоры бар екенін өздерің де білесіңдер. Бірақ соларға тағылған — “мұхит” сөзінің төркінін кез келген адам біле бермейді.

Бұл сөздің шыққан тегі — араб тілі. Оларда “мұхит” тұлғалы сөз — “айнала, қоршау, орта” сияқты ұғымдарды білдіреді. Шынында да, жер шарында су көп болғандықтан бес құрлықты қоршап тұрғаны рас. Арабтың осы сөзі қазақ тілінде “мұхит” болып қалыптасқан.

Нарын — қазақ жеріндегі өзен, қала берді, күм, тау атаулары.

“Нарын” сөзінің тұңғыш мағыналары туралы да жорамал, долбарлар баршылық. Біреулер оны “көптікті” білдіретін тұлға немесе “тау, тау қыры” деп түсіндірсе, екінші бір автор оны бірде монғол тіліндегі “күн, күнгей” мағынасында қолданылатын “наран” немесе “жіңішке” ұғымын беретін тағы да монғол тіліндегі “нарийн”-мен туыстырады. Монғол тілінде бұл тұлғалас сөздер авторлар көрсеткен мағыналарында кездесетіні рас. Бірақ “наран” немесе “нарийн” тұлғаларын үнемі “күн, күнгей”, “жіңішке” мағыналарында қолданыла береді деу қисынсыз. Мысалы, “нарийн”-нің монғол тілінде төрт түрлі мағынасы бар: 1) жіңішке, нәзік; 2) жинақты, ұқыпты; 3) шебер, қу, айлакер; 4) сараң, қатты. Осылардың жер-су атауларына қайсысын қолдану керек? Әрине, ол сол жер мен судың жаратылыстағы бедері, қалпы, көрінісіне байланысты. Егер өзен арнасы еңсіз болса, онда “жіңішке” мағынасын беретін “нарийн”, ал өзен суы тапшы, аз болса “сараң” ұғымындағы “нарийн” қолданылуы ықтимал. Біз мұны ойдан шығарып отырған жоқпыз. Бұған да мына бір тілдік дерек себеп. Қалмақ тілінде: “нәрхн хол” сөз тіркесі біздің түсінігіміздегі тек қана “қысқа өзен” ұғымын береді. Мұны тілге тиек етсек, солай болуы да керек, Алматы облысындағы “Нарынқол” өзені, ешқандай да “жіңішке” емес, “қысқа өзен” болып түсіндірілмек. Ал, Қазақстанның батысындағы Нарын

кұмы — кішкене, шағын құм мағынасында болмақ. Оның Қарақұм, Қызылқұм, сияқтыларға қарағанда, көлемі жағынан ықшам екені де рас.

Бұдан шығатын қорытынды, “Нарын” сөзімен тіркесіп келген жер атаулары үнемі “жінішке” дегенді білдіре бермейтіндігі. Дәл осымен байланысты “Нарын құм”-ды монғолдың “күн, күнгеі” мағынасын беретін “наран”-мен сәйкестіру де көңілге қонымсыз. Құм біткеннің бәрі күн көзімен құрап тұратыны жаппай құбылыс. Сондықтан қалайша “күнгеідегі құм” демекпіз?

Осы деректерді ұстансақ, “нарын” сөзі көп жағдайда, аумақ, көлем өлшемінің тапшылығымен байланысты қолданылады демекпіз.

Нұра — Ақмола, Қарағанды облыстарының жері арқылы өтетін өзен.

Бұл атау жөнінде де тиянақты пікір жоқтың қасы.

Монғол тілінде: “нураа” тұлғалы сөз — құлау, бұзылу, ал қалмақша: “нүрх” — “опырылып құлап түсу” мағыналарында көрінсе, тунгус-маньчжур тілдерінің бірінде — “нура” — “тік жар, құлама жар” деген ұғым береді.

Өздеріңіз байқап отырғандай, “нұра” сөзі көбіне өзенмен, оның тасыған кезде арна жағасын құлатуы, бұзуы, осы әрекеттер нәтижесінде пайда болатын өзен жағалауындағы жармен байланысты екен.

Осы деректерді ойымызға арқау ете отырып, Нұра өзенінің түңғыш мағынасы — “жарлы өзен” болуға тиіс деген жорамал жасаймыз.

Обаған — Қостанай облысындағы өзен, Тобылға құяды.

Өзен атауының қалай пайда болғандығы жөнінде пікір айту үшін мына бір тіл деректерің негізге алуға тура келеді. Түркі тілдері ішінде шор, сағай, қойбол тілдерінде “оба” тұлғалы сөз біздегі сияқты “төбе, үйінді” мағыналарында кездеседі.

Монғол тобына жататын тілдерде: қалмақта “ова” — “тас үйіндісі”, монғол тілінде: “овоолох” — “үю” мағыналарын береді. Ал тунгус-маньчжур тобындағы маньчжурларда “оба” — “тау төбесіндегі шоқы”, ал эвен тілінде: “оова” — “ойпат, ойпаң жер”, осы топтағы тілдің екінші біреуінде: “убгэн” дыбыстық құрамдағы сөз — “өзен табанында кездестің тас” мағыналарында ұшырасады.

Обаған өзені ағып жатқан жерлерден тас үйіндісін немесе өзен табанынан тас кездестіру қиын. Осы бір ерекшелікті ескере отырып, өзен ағып жатқан жердің ойпаңдығын жорамалымызға негіз етпекпіз. Бұл ретте



“Обаған өзені” дегеніміз “Ойпат өзені” болып түсіндірілмек.

Обь — Батыс Сібірдегі үлкен өзендердің бірі. Қазақстан жерін басып өтетін бірқатар өзен осыған барып құяды.

Обь өзенінің қазіргі қазақ жеріне қатысы болмаса да, оның атауының пайда болуы түркі тілдері әсерінен болса керек деген ойдамыз.

Ертедегі түркі тілдерінде “об” тұлғалы сөз біздің тіліміздегі “су” мағынасын меншіктенген. Осыны желеу етіп, мағынасы сәйкес келіп тұрғандықтан, Обь өзенінің атауына осы сөз себепші болған десек те болар еді. Бірақ өзен атауының арнасы арқылы судан басқа не ақпақшы. Егер ертеде осыны себеп етіп, өзенге ат тақса, барлығы дерлік “Обь” болып шықпай ма деген ой келеді әрі “об” парсы сөзі деп белгіленген. Ерте кезде бұл өзенге парсы тілінің сөзі қалайша берілмек, бұл да күмән тудырады.

Ертедегі түркі тілдерінен осы тұлғаға жуықтау тағы бір сөзге кез боламыз. Ол —“оп”. Мұның мағынасы —“жүту, сіміру”. Өзен атауының мағынасы осы сөзден туған дегеніміз теріс болмаса керек. Өйткені сол төңіректегі өзендердің көбі дерлік осы Обьқа келіп қосылып, Обь — жүту, сіміру міндеттерін атқарады. Осы күнгі түркі тілдері ішінде Қазан татарлары мен Тобыл татарларында “уп” дыбыстық құрамда сақталған бұл сөз дәл осындай мағына береді.

Қорыта айтқанда Обь өзені атауы, басқа көптеген өзендердің соған барып қосылып, құюы нәтижесінен шыққан деген жорамалға тоқтамақпыз.

Ойыл — Ақтөбе, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары жеріндегі өзен. Осы атты Ақтөбе облысында аудан және сол ауданның орталығы бар.

“Ойыл” атауының тек-төркіні туралы бізден бұрын пікір айтушылардың қай-қайсысы да оны “ой” /етістік/ түбірі мен -ыл жұрнағының қосылуынан пайда болып, “ойпат”, “шұңқыр” мағыналарының баламасын (синонимін) тудырып тұр дегенге тоқтайды. Сырт көзге, бұл зерттеушілердің морфологиялық талдаулары теріс дей алмаймыз. Бірақ бұл тұжырым өзеннің алғашқы мағынасына немесе оның ағып өтетін жер сипатына дәл түсінік беріп тұр деп айту қиын. Оның ағып өтетін ортасы ойпаң емес, теңіз бетінен жоғары жазық жер, кейде кіші-гірім құмды жерді де басып өтеді.

Біз өз тарапымыздан мына бір деректерді ұсынбақпыз. Түркі тобына жататын түрік тілінде В. В. Радловтың сөздігі бойынша, “ойул” сөзі —“өзен суы шайып кеткен

жер" мағынасында қолданылса, монғол тілінде "уйл" тұлғасы біздің тіліміздегі "иірім" ұғымын береді.

Енді "Қазақ совет энциклопедиясынан" дәл осы Ойыл өзені туралы жазылған мына бір жолдарға көз салып, ой тоқтатыңыз: "Жазда иірімдерге бөлініп, тұздылығы артады".

Түрік тіліндегі "ойул", монғолдардағы "уйл"— осылардың қай-қайсысы болса да мағына жағынан әрі дыбыстық құрамы тұрғысынан өзен сипатына сай келіп тұр. Сондықтан да, "уйл" тұлғасының бері келе, қазақ тілінде "ойыл" түріне дейін өзгеріп, алғашқы мағынасы —"иірім" болған деп тұжырым жасаймыз.

Орсақ — Торғай облысы Жанкелдин ауданының орталығынан оңтүстік бағытта 150 шақырым шамасында орналасқан жер аты.

Қазіргі тілімізде бұл тұлғалас сөз кездеспейді.

Алайда, басқа түркі тілдері туралы деректерден осы аттас жер, ру атауына тән сөздерді табамыз. Хакастар мекендейтін төңіректе Арчак сияқты жер атауы болса, қазіргі кезде тофалар деп аталатын халық ішінде "Кида орчжак" руы бар. Бірақ біз мына Торғай өңіріндегі жер атауын "орчжак" руымен байланысты деуді жөн көрмедік. Сондықтан басқа деректерге бой ұрамыз.

Түркі, монғол тобындағы тілдердің бірқатарында "орсақ" тұлғалас сөздер әр түрлі мағыналарға нұсқайды. Соларды көлденең тарта отырып, жер бедеріне негіз болатынын ғана іріктеп алмақпыз.

Түркі тілдері ішінде телеуіттерде "орсок" сөзі —"тістің сыртқа қарай шығып тұруы, сойдақ тіс" деген мағына берсе, сағай тілінде "орсах"—"тіссіз" ұғымына мезгейді. Монғол тобына жататын бурят тілінің жергілікті ерекшеліктерінің бірінде —"орсохо", ал монғол тілінде "урсах" дыбыстық құрамдағы сөздер "ағу, ағып өту" (су жөнінде) сияқты ұғымдарда қолданылады. Бұлардың қай-қайсысы болса да, біз әңгіме етіп отырған жер бедеріне дерек етіп алуға жарамсыз. Сондықтан ізденісті одан әрі жалғастыра түссек, мына тәрізді деректерге кездесеміз.

Сағай тілінде "арсақ" пен "пел" сөздері тіркесе келіп, "арсақ пел" қалпында біздің түсінігіміздегі —"кішкене төбе, төмпешік" ұғымын білдіреді, ал хакас тілінде "арсах" тұлғасы —"ойлы-қырлы" мағынасын береді.

Енді монғол тілі дерегіне жол берсек, оларда "орсойх" дыбыстық құрамдағы сөз хакас тіліндегідей "ойлы-қырлы" мағынасында жолығады.

Осы соңғы сағай тілі мен монғол тіліндегі сөздер тек дыбыстық жағынан ғана емес, мағынасымен де біз сөз етіп отырған Торғай көлеміндегі жер бедерінің сипатынан тіпті де алшақ емес. Осыған карағанда Орсак атауы жер бедеріне байланысты туған деуге толық мүмкіндік бар.

Отар — Жамбыл облысындағы аудан орталығы мен темір жол стансасының аты.

Бұл атаудың төркіні жөнінде жазған автор, оның біршама түркі тілдерінде біздің қазіргі қолданып жүрген “жайылым” мағынасын беретіндігін айта келіп, “отар”-дың қалай, қандай жолмен пайда болғандығына талдау жасайды. Ол: “...жер атына қойылған Отар сөзінің этимологиясы мынадай: от (түбірі, “шөп” мағынасында) + а (зат есімді етістікке айналдыратын көне, өлі жұрнақ) + р (етістікті зат есімге айналдыратын жұрнақ)”— дейді.

Бұған біздің қосарымыз, осы зерттеуші көрсеткен ноғай, қырым татарлары тілдерінен басқа, тува тілінде де “одар” тұлғасында ұшырасып, біздегі “өріс, жайылым” мағыналарында қолданылады. Ал, якут тілінде біздегі “айдап салу” (малды) тіркесінің мағынасын “утаар” дыбыстық құрамдағы сөз бере алады.

“Отар” сөзінің қалай құралғаны жөнінде, жоғарыдағы автор пікірін тұтас қолдай алмаймыз. Алғашқы “от” сөзі туралы айтқанын мақұлдап, қостаймыз. Бірақ соңғы “ар” тұлғасы екі жұрнақтың қосындысы дегенге қол қоя алмаймыз.

“Отар”, біздің ойымызша, екі сөздің бірігуінен келіп шыққан. Алғашқысы “от”— қазіргі кездегі “шөп” мағынасын беретіндігі шындық: “атты отқа жібер”, “атты оттатып алайық” сияқты сөйлемдеріміз бар. Ал, біріккен сөздің екінші сыңары ертедегі түркі тілдеріндегі “сүру” сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі. Оның мағынасы қазіргі біздің тіліміздегі “айдап салу”, “айдау” дегенмен барабар. “Сүру” тұлғасы түрікпен тілінде осы кезге дейін сол күйінде сақталса, якут тілі сияқты кейбір тілдерде “үүр” қалпына дейін өзгерген. Әрине, бұл якут тілінің өзіне тән заңдылық. Салыстырыңыз, біздегі “сегіз” (сан есім), якут тілінде —“ағыс”.

Тілдегі осындай құбылыс жағдайларын есепке ала отырып, “Отар” сөзінің жасалуын мына түрде құрар едік. “От”+“сүру”, содан соң “от сүр”—“отүр”—“отар”. Сонда мұның алғашқы мағынасы, қазіргі түсінігіміз бойынша — “шөпке айдап салу” /малды/ дегенге нұсқайды. “Шөпке айдап салу” деген “жайылымға айдап салу” дегенмен бірдей. Сонда “жайылым”, бізде және басқа түркі тілдерінде де, “отар”-мен мәндес боп шығады.

Өлеңті — Ақмола, Павлодар облысы мен Батыс Қазақстан облысының Жымпиты ауданы жеріндегі өзендер атауы.

Бұдан бұрынғы бір зерттеуші Өлеңті атауының төркіні жөнінде: “Көне түркіше “өлең” және “тү” сөздерінің кірігуінен қалыптасқан атаулар, сөзбе-сөз “өлеңтау” мағынасын береді” деген тұжырым жасайды. Ол “ты”-ны “тау” деп түсінеді де “өлең” сөзінің неңдей мағынаға ие екендігін сөз етпейді.

Біз мына іспеттес деректерді негізге аламыз. Біріншіден, ертедегі түркі жазба ескершіктерінде “өлең” тұлғасы біздің қазіргі түсінігіміздегі “көгал жер” мағынасында келтірілген. Қазақ тілін былай қойғанда, “өлең” дыбыстық құрамдағы сөз алтай, телеуит тілдерінде, сондай-ақ Қазан татарларында “үлән” тұлғасында ұшырасады, қазіргі ұғымымызда “шөп, яғни өсімдіктің бір түрі”. Тіпті біздің тілімізде шөптің бұл түрі “өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді” тәрізді мақалдан да орын алған.

Осы деректерге сүйенсек, жоғарыда көрсетілген жерлерден орын тепкен өзендер атауы жағасында өлең шөбінің жиі кездесуіне байланысты қойылған демекпіз. “Өлеңді” болмай, “Өлеңті” түрінде қалыптасуы — ертеде бір нәрсенің көптігін білдіру *-ті (-ты)* жұрнақтары арқылы беріліп, солай қалыптасып, бекіп қалған. Шынына келсек, бұлардың берер мағына жағынан *-лі (-лы)*-дан ешбір айырмасы жоқ.

Екінші бір еске аларлық дерек, тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің бірінде — “өлән” сөзі “ойпат, алқап, жықпыл, сай, аңғар” тәрізді мағыналарды меншіктенеді. Ойлап қарасақ, өзен суы ағып жатқан жерде сай да, жыра да, ойпат та ұшырауы табиғат заңдылығы. Осы бір жағдайды ескерсек, “Өлеңті”-нің қазіргі мағынасын “ойпатты”, “сайлы” және осындай жер бедерлерімен де байланыстыруға әбден болады.

Біздің шамалауымызша, бірінші жорамалымыздың шындық жағы басымдау көрінеді. Демек, өзен өз атауын, жағасына өлең шөбінің жиі өсуіне қарай алған демекпіз.

Өлкейек — Ақтөбе облысының Ырғыз, Торғай облысының Жанкелдин аудандары көлеміндегі өзен.

Кейбір автор бұл атауды “Өлкейек” түрінде жазып көрсетеді де, мұны біріккен сөз есебінде қарастырып, біріншісін, қазіргі қазақ тіліндегі, “өлік” деп танып, екіншісін, финн-угор тілінде “өзен” мағынасын беретін “өйек” дей келіп, “... өлік + өйек гидронимі “өлі өзен” яғни “жаман өзен” деген мағынаны білдірген” деген тұжырым жасайды.

Біздің ойымызша, өте алысқа сілтемей-ақ, бұл өзен атауының төркінін түркі, монғол тобындағы тілдерден-ақ табуға мүмкіндік бар.

В. В. Радлов сөздігінде қазақ тіліне тән мынадай екі тұлғаны береді: біріншісі, “өлге”—“тау өзені”; екіншісі, “үлгө”—“камыс өскен өзен” деген мағыналар меншіктенеді. Расын айтсақ, Өлкейек өзенінің басталатын жері айта қаларлықтай биік тау емес, бірақ теңіз бетінен 300 метрден астам жоғары жатқан қырка. Солай бола тұрса да, жергілікті халық өз жерінде бұдан биікті кездестірмегендіктен, “Бестау” деп атап кеткен. Мұны еске алсақ, “Өлкейекті”— тау өзені деуге тұрарлық. Өзен болған соң, жағасына камыс өсу де табиғат заңдылығы. Бұл ретте оны тұрғын халық “Қамысты өзен” деудің орнына ертеректе жиі айтылған “үлгө” сөзін қолдануы да еске аларлық жағдай. Осы екі сөздің (“өлге” және “үлгө”) қайсысына болса да *-лік* қосымшасы жалғанып, “өлгәлік” немесе “үлгәлік” болып қалыптасып, бері келе ауызекі сөзде “өлкейек” түрінде айтылу дағдыға айналып, мағынасы —“таулық” немесе “камысты” өзен дегенді білдіруі де мүмкін.

Әрегірек барсақ, монғол тілінен мынадай тілдік дерекке кездесеміз. Онда “үлхийх” дыбыстық құрамдағы сөз, біздің қазіргі түсінігіміздегі “орта”, “толы емес” мағыналарын білдіреді. Мұның өзі “Өлкейек” өзенінің төркіні жоніндегі алғашқы жорамалымыздан да нанымды әрі үйлесімі мол көрінеді. Олай дейтініміз, монғол тіліндегі “үлхийх”-тың біздің тілімізде “өлкейек” не “өлкөйек” болып өзгеруі тіпті оңай және тіл заңдылығына да сәйкес. Бұл болжамымыз бойынша, “Өлкейек”—“суы орта өзен” мағынасын бермек. Екі топшылауымыздың қайсысы болса да өзен атауының түпкі төркінінен алшақ кете қоймас деген ойдамыз.

Саға — Торғай облысы Жанкелдин ауданындағы елді мекен атауы.

“Саға” сөзінің жер-су атауларына байланысты, қазіргі кезде мына сияқты екі түрлі анықтамасы бар. Бірінші, “Қазақ совет энциклопедиясында”—“Өзеннің басқа өзенге, теңізге, көлге, бөгенге құяр жері”; екінші, “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде”—“Өзен я болмаса тау сілемінің қабысып-түйіскен жері”сөз тіркестерінде “сағаны”—“тау” сөзімен байланыстыру — кейін бейнелеуден пайда болған туынды деп қараймыз. Шындығына келсек, “саға” (жер-су атауын сөз еткенде) өзенмен ұштасып жатады. Тілімізде кейде “саға” сөзінің баламасы ретінде “қолтық” тұлғасы да қолданылады. Әрине, бұл да үқсату нәтижесінде келіп шыққан. Қазақ тілінде “қолтық”-тың нақты мағынасы —

иықтың астыңғы жағы екені белгілі. Біздегі осы “қолтық” мағынасын монғол тілінде “суга” дыбыстық құрамдағы сөз меншіктенеді. Бұған карағанда, біздегі “саға”, монғолдардағы “суга” бір ғана дыбыстық өзгеріске ұшыраған (а~у) төркіндес сөздер. Бұл —“саға” сөзінің алғашқы мағынасы еместігіне тағы бір тілдік дерек кәу болғандай.

Ежелден түркі тілдерімен туыстас монғол тілінде “цуг” тұлғасы біздің тіліміздегі “қосу, қосылу” сияқты түсініктерге меззейді. Сол тілдегі “қолтық” мағынасындағы “суга”-ның түп тамыры осы —“цуг” болуы да мүмкін. Бұған адам денесіне қолдың қосылған жері —“қолтық” /бізде/, “суга” /монғолдарда/ аталуы айғақ болғандай.

Шынында да, белгілі бір өзеннің теңіз, көлдерге келіп қосылуы денеге қолдың келіп бірігуіне сәйкес, ұқсас. Осы бейнелеу арқылы тіліміздегі “саға”, “қолтық” іспеттес жер-су қалпын бейнелейтін атаулар шыққан.

Қорыта айтқанда, “саға” сөзінің ең алғашқы мағынасы —“қос, қосылу” етістіктері болған да, одан бері келе, ұқсатудан “қолтық” мағынасына ие болған. Сөйтіп өзеннің басқа бір су қорына келіп қосылуы — ертедегі айтылуы “саға” осы күнге дейін сақталған әрі жер атауын иеленген.

Сайрам — Шымкент облысындағы өзен және аудан атауы. Өзенді кейде “Сайрамсу” деп те атайды.

Өзен атауына себеп болған “сайрам” сөзінің төркінін ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінен табамыз. Онда: “Сайрам” немесе “Сайрам су” қазіргі қазақ тіліндегі “тайыз, терең емес” (су жөнінде) мағыналарында көрсетілген.

“Сайрам” сөзінің алғашқы түбірі қандай болғандығын анықтарлық дерек те кейбір түркі тілінде сақталған. Мысалы, татар тілінде “сай” дыбыс құрамындағы тұлға біздегі —“тайыз” орнына қолданылады.

Кейде қазақ тілінде “тайыз” сөзінің “саяз” немесе “таяз” қалпында айтылуы да кездесіп отырады. Осындағы “саяз”-дың түбірі де “сай” екендігіне күмәндану қиын.

Көрсетілген деректер “Сайрам” сөзінің түбірі “сай”, ал басқасы (-рам) сол кездердегі қосымша екендігі шүбәландырмайды. Демек, Сайрам өзені — бүгінгі түсінігіміз бойынша, суы тапшы —“тайыз өзен” дегенмен мәндес.

Самарқан — Өзбек республикасындағы облыс және оның орталығы. Кейде “Самарқанд” деп те аталады.

Бұдан бұрын Самарқан қаласының төркіні жөнінде әңгіме қозғаған қазақ тілі маманы М. Қашқари сөздігінен үзінді келтіре отырып, “Самарқанд дәлме-дәл айтқанда

"Семіз кенд", яғни "бай қала" деген мағынада" деп, тұжырым жасайды. Және "самар"-ды түркі сөзіне жатқызады.

Рас, ертедегі түркі тілдерінде де, кейде қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерінде де "самар" сөзі кездескенімен мағынасы — бірде "қоржын", кейде "үлкен шара" ұғымында жұмсалады.

Біздің байқауымызша және кейбір тілдік деректердің баяндауынша, "самар" сөзі дәл бұл жерде (қала атында), біріншіден, түркі тілдеріне жатпайды, екіншіден, берер мағынасы "семіз" емес, тіпті басқаша.

Ең алдымен араб тілі дерегін ұсынайық. Онда "самар" тұлғасының — 1) жеміс; 2) азық-түлік; 3) пайда; 4) нәтиже іспеттес төрт түрлі мағынасы бар. Парсы тілінде: "сәмәр" сөзінің — 1) жеміс; 2) пайда сияқты екі мағынасын кездестіреміз. Мүмкін, парсы тіліне араб тіліндегі төрт мағынаның екеуі ғана ауысқан шығар.

Ал "самар"-дың бұл көрсеткен мағыналарында "семіз" деген жоқ. Қала атауына "семіз" дегеннен гөрі, біз көрсеткен, мағыналардың қайсысын қосақтасақ та өте лайықты әрі әсем болып шығатындығына сенім мол. "Самарқанд" атауындағы екінші сөз "кенд" парсы тілінде "қала" мағынасында қолданылатындығына дау жоқ.

Енді алдарыңызға көлденең тартып көрейік: "Семіз қала" деген дұрыс па. Әлде "Жемісті қала", "Пайдалы қала", "Нәтижелі қала" немесе "Азық-түлікті қала" қалпында атау орынды ма? Бұл жағын оқырмандар төрелігіне бердік. Әрине, біз соңғы төрт мағына қосақталған атауды жақтаймыз.

Саралжынды — Ақтөбе облысы, Байғанин ауданындағы өзен. Бұл облыста "Сарылжын" атты ауыл да бар. Осы аттас елді мекен Орал облысы, Жаңақала ауданында да кездеседі.

Кейбір зерттеушілер "Саралжын" атауын осындай дыбыстық құрамда ұшырасатын жусан тектес өсімдік түрімен ұштастырады. Бұл орынды пікір. Өйткені қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерінде "саралжын" атты түйе мен қой сүйсіне жейтін өсімдік түрі бар.

Жер-су аты осындай өсімдіктің мол өнімімен байланысты тууы ғажап емес. Бірақ кейбір түркі тілінде осы тұлғалы сөз құсқа да айтылады. Башқұрт тіліндегі: "саралжын", оны былай қойғанда, монғолдардағы "сараалжын" сияқты сөздер, біздің түсінігіміздегі "тауқүдірет" (құс түрі) мағынасында қолданылады. Монғолдың ертедегі жазба ескерткішінде "сиралджин" дыбыстық құрамдағы тұлға қазақ тіліндегі "қурай" өсімдігі ұғымында айтылған.

Бұл сөздің әрі өсімдік, әрі құс атын меншіктенуінде өзіндік сыр бар сияқты. Мұндай жағдайда сөз түбірін табу өте қажет.

Біздің топшылауымызша, сөз түбірі —“сар”, ал “-алжын”— күрделі қосымша болуы ықтимал. Біршама тілдік деректер осы ойға жетектейді.

Кейбір түркі тілдерінде осы тұлғалас (-алжын) қосымша заттың түсін білдіретін сын есім жұрнақтары ретінде қолданылады. Татар тілінде “ағылжым”— ақшыл, “кугелжем”— көкшіл түр-түстерін түсіндіреді. Осындағы түбір сөз “ақ” пен “көк”—ке жалғанған қосымшалар —“ылжым” мен “елжем”—ның біз сөз етіп отырған, “алжын”—нан тұлғасы жағынан онша алшақ емес. Мұндағы болар-болмас дыбыс өзгешеліктері түркі тілдеріне тән дыбыс сәйкестіктерінен туып отыр.

Монғол тілінің дерегі бойынша, біздегі “Сары” сөзі оларда “шар” қалпында тұлғаланса, ал “саарал” казак тіліндегі “кұла”, “сүр” мағыналарымен тамырлас, мағыналас. Егер біз монғол тіліндегі “саарал” сөзінің екінші мағынасы — “сүр”—ды алып, оған “жын” жұрнағын қоссақ, “саралжын” тұлғасы пайда болып, “сүрғылт:” мағынасын меншіктенеді.

Қорыта айтқанда, жусан аты —“саралжын” өзінің түсіне байланысты, ертедегі жұрнақтар арқылы пайда болған демекпіз. Осындай өсімдіктің көп шығатын жері “Саралжынды” атауын иемденген.

**Сарыарқа** — Қазақстан жерінің орталық және шығыс бөлігін қамтитын өлке атауы. Оны “Арқа” деп те атай береді. “Арқа” сөзінің төркіні жөнінде бастапқы жолдарда әңгімелеген болатынбыз. Ендігі айтпақ мәселеміз осы атаудың құрамындағы “сары” туралы.

Біріккен сөздегі “сары” мағынасын анықтауда алдымен мынадай тілдік деректерді ұсынып, осылардың ішінен қайсысы жер атауы болуға лайықты екенін таңдауға тура келеді.

Ертедегі түркі тілдері ескерткіштері сөздігінде “сары” тұлғалы сөздің “бағыт; жак, жан-жак” тәрізді мағыналары бар. Қазіргі түркі тілдері ішінен чуваштарда —“сарлака” сөзінің “кең байтақ, көлемді” сияқты ұғымдарын кездестіреміз. Түркі тілдерінің енді біреуінде, дәлірек айтсақ, чұлым татарларында “сара” немесе “саһра”— біздің түсінігіміздегі “қыр, дала” орнына қолданылады.

Осы келтірген сөздердің қайсысы “арқа” сөзімен бірігуге қолайлы? “Арқа” тұлғасының мағынасы —“солтүстік” немесе “батыс” екендігіне топшылау айтылған. Ойластыра келгенде, бізше, “дала” мағынасындағы “сара” тұлғасы “арқа”—мен біріккен тәрізді. Әрине, бұл жерде “кең, байтақ”



мағыналарын меншіктенген чуваш тіліндегі —“сарлака”-ны да назардан тыс қалдыру ыңғайсыз.

Бәрін ескере келгенде, біріккен екі сөз —“Сармарка”-ның тұңғыш мағынасы —“батыстағы” немесе “солтүстіктегі байтақ дала” болса керек деген тоқтамға келдік.

Созақ — Шымкент облысындағы аудан және ауыл аты. Тарихи деректерде Қазақстанның оңтүстігінде орта ғасырларда осы аттас қала болғандығы туралы мәліметтер де бар.

“Созақ” сөзінің төркіні жөнінде талдау жүргізген бір автор, көне түркі тілінде “сусак” және қазіргі қырғыз тілінде “сузак” тұлғалы сөздер “биік тік шоқыларды” білдірген дей келіп, “созақ”-ты қазіргі қазақ тіліндегі “шошак” мағынасымен барабар қарайды. Алайда, қырғыз тілі сөздігін қарастырғанда “сузак” тұлғалы сөзді таппадық. Ал, көне түркі тілдерінде “сусак” дыбыстық құрамдағы сөз кездесті, бірақ оның мағынасын “созақ” тұлғасы беретіндігіне сілтеме жасалған. Осы сілтеу бойынша, “созақ” сөзін тауып, түсінігін оқығанымызда: “елді жер, халық орналасқан мекен” деген мағыналарды ұқтық. Бұдан басқа ертедегі түркі тілі ескерткіштері сөздігінде “сүзүк” сөзі де бар. Мұның мағынасы —“таза, мөлдір”.

“Созақ”-тың алғашқы, тұңғыш мағынасын өте ерте заманнан бері қолданып келе жатқан түркі халықтарының өзіне тән “елді жер” ұғымын беретін, “созақ” немесе “таза, мөлдір” (су) түсінігіне ие “сүзүк” сөздерімен жанастыру шындыққа бір табан жақын болар деген ойдамыз. Әрине, қазіргі Созақ аталатын елді мекен маңында сұлдырап ағып жатқан суы таза, мөлдір өзен болмаса да, ерте кезде, кім біледі, болған да шығар. Осы себептен де Созақ аталуы ғажап емес. Егер бұл болжамымыз шындыққа маңайламаса, көне заманнан халық мекеніне айналған аймақтың сол кездегі түркі тілінің төл сөзімен —“созақ” аталмауы мүмкін емес.

Сонымен, “Созақтың” тұңғыш мағынасы, қазіргі түсінігіміздегі “елді жер” деп білеміз.

Сібір — Азияның Орал тауларынан Тынық мұхит жағалауы мен Солтүстік Мұзды мұхиттан Монғолия шекарасына дейінгі көлемді аймақтың атауы.

Сөз болып отырған өңірдің өзіне тән ерекшелігі — ауа райының қатаңдығы. Әсіресе, қысы ызғарлы, суық, үскірік болып келетіндігі әркімге аян. Сондықтан да өзіне меншікті атауын көрсетілген қасиеттеріне қарай иемденсе керек деген ойдамыз.

Әзірге бұл топшылауымызды жақтарлық тілдік деректі алтай жүйесіне жататын тілдер ішінен тек монғол тілінен тапқандаймыз. Қазақша-монғолша және монғолша-қазақша сөздіктерде “аяз, ызғар” түсінігін монғол тілінде

“жавар” дыбыстық құрамдағы сөз беретіндігін байқадық. Аталған тұлғаның басқа тілдер тезіне түскенде, дыбыс алмасу заңдылықтарына сәйкес “сібір” қалпына дейін өзгеріске түсуі дәстүрлі құбылыс деп қарауға болады. Қанша өзгеріске түссе де дыбысталу ұқсастығы мен мағынасы алшақ кетпегендігі байқалады.

Әрине, “сібір” сөзінің дүниеге келуіне қатысы жоқ деп ойласақ та, тағы бір тілдік мәліметті көрсете кетуге мәжбүрміз.

Араб тілінің сөздік қорында “сибер” сөзі — “қиыр шет, соңы”, ал “сабер” дыбыс құрамындағы тұлға — “қатты суық, ызғырық; аяз” мағыналарында қолданылады. Осындағы соңғы — “сабер” тұлғасы, біз әңгімелеп отырған аймақтың атауына ғана емес, жаратылыстағы болмысына да (мағына жағынан) өте сәйкес келіп отыр. Бұған бой ұрып “Сібір” атауының төркінін араб тіліне телу шындықтан шығандап кетумен бірдей көрінеді. Өйткені арабтардың бұл маңайға жуық келмегендігі тарихтан белгілі. Керісінше, монғолдардың “жавар” сөзі арабтарға ауысып, “сабер” қалпына дейін өзгеруі заңды сияқты. Себебі XII— XIII ғасырларда монғолдардың парсы, араб жұртымен жақсы араласқаны тарихтан мәлім.

Сөйтіп “Сібір” атауының төркіні — монғол тіліндегі “жавар” сөзі, ал аймақтың аты — сондағы ауа райы, жаратылыс бейнесіне байланысты қойылса керек деген тұжырымға тоқтағымыз келеді.

Сырт — Қазақстанның батысында, Түрікмен республикасымен жапсарлас өңірдегі және Тянь-Шань тауы маңындағы жер атаулары.

Кейбір зерттеушілер “сырт” атауын бәрімізге белгілі “Бір нәрсенің ішкі жағына қарама-қарсы, тыс” ұғымын білдіретін “сырт”-пен байланыстырады. Шын мәнінде, мына жер атауы “сырттың” оған үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Мұны дәлелдеу үшін бірнеше тілдік дерекке жүгінеміз.

Ең алдымен, ертедегі түркі ескерткіштері тіліне үңілсек, “сырт” тұлғалы сөздің “қырат” мағынасын көреміз. В. В. Радлов сөздігінде “сырт” — алтай, сағай, қойбол, качин тілдерінде “қырат, дөң, төбе” ұғымында қолданылады.

Енді берігірек жақындап, қазіргі түркі тілдерінің сөздік қорына назар аударсақ, тува және чуваш тіліндегі “сырт” дыбыстық құрамдағы сөздер біздің түсінігіміздегі “қырат, төбе, жота, үстірт” мағыналарында көрінеді.

Бұларды былай қойғанда, “иран” тобына жататын тілдердің бірі — сарыкөлдіктерде “сирт” — “үстірт, шоқы”

ұғымдарын білдіреді. Әрине, бұларға түркі тілдерінен ауысып барғандығы дау тудырмаса керек.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтсақ, жоғарыда келтірілген деректер жер бедеріне қойылған “сырт” атауының тұңғыш мағынасы — “қырат, төбе, жота, үстірт” іспеттес биік жерлерге меңзейтінін көрсетеді.

Талас — Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Жамбыл облысында осы аттас аудан да бар.

“Талас” атауының, дәлірек айтсақ, “талас” сөзінің шыққан тегін зерттеушілер пікірі ала-құла.

Зерттеуші ғалымдардың дені мұны орта ғасырдағы Тараз қаласының атымен байланысты деген болжамнан әріге бармайды.

Тағы бір зерттеушінің болжауы бойынша, Талас өзенінің атына әсерін тигізген ертедегі түркі тіліндегі “теніз” мағынасын беретін “талуй//талай”, сондай-ақ қазіргі кездегі монғол тобындағы “далай” немесе “дала” (бұл екеуі де “теніз” мағынасында) тұлғалы сөздер. Аталған тұлғалас сөздер ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде, сондай-ақ қазіргі монғол тобындағы тілдерде бар. Бірақ мағынасы, қазіргі біздің түсінігіміздегі — “теніз” деген мағынаны береді, ал “өзен” бұл топтағы тілдерде өзгеше аталады. Дегенмен, тілімізде осы “далай” сөзінің қатысуымен жасалған “телегей-теніз” қос сөзі бары шындық. Мұнда ол бір мағынаны қайталау ретінде ғана көрініп тұр.

Енді біз төмендегі тілдік деректерді көлденең тарта отырып, өз жорамалымызға жол берелік.

М. Қашқари сөздігіндегі (демек, ертедегі түркі тілдеріндегі) “талас” тұлғасының мағынасы — “доп ойыны немесе ат жарысы кезінде алаң арқылы тартылған арқан немесе таспа (лента)”. Сол кездерде “Кіші Талас”, “Ұлы Талас” атты қалалар болғандығын да осы сөздіктен кездестіреміз.

Сондай-ақ, “талас”-тың “тараз”-ға ешбір қатынасы жоқ екендігі М.Қашқари сөздігінен айқын көрінеді. Онда бірде “Тараз” бірде “Тыраз” деп көрсетіледі. “Тыраз”-дың мағынасы — “қала атауы” — деп берілген. Демек, сол кездегі қала атауы — “Тараз”, кейде “Тыраз” қалпында айтыла беретін болған.

Кезекті қазіргі түркі тілдері деректеріне берсек, мына төмендегілерді аңғарамыз. Тува тілінде, тоғаларда “далаш” сөзі біздегі “асығу” мағынасын берсе, қырғыз тілінде “талаш” — “ұмтылу, тырысу” ұғымдарын береді. Якуттың “дьюлус” сөзі де соңғы — “ұмтылу, тырысу” мағыналарында қолданылады.

Осы деректерді арқау ете отырып, мынадай шешімге жол береміз. Егер өзен басын қырғыз жеріндегі таудан алып, ылдиға қарай ақса, оның суының шапшаң, тез, ұмтыла

ақпасқа лажы жоқ. Ерте кездердегі әрекет пен қозғалыстың шапшаңдық мағынасын беретін “талас” сөзі, өзен суының ағысына қарай, атау болып қалыптасқан болса керек.

Талғар — Алматы облысындағы өзен. Сондай-ақ осы облыста бұл аттас аудан және оның орталығы — қала да бар. Талғар атауындағы асу мен шың да кездеседі.

Қысқаша болса да, Талғар атауының алғашқы мағынасы жөнінде пікір айтушылардың болжамдарына сәл кідірелік. Олардың біріншісі: “...Талғар оронимінің (“тау атауы” деген мағынада) этимологиясы былай: Тал (иранша: “тау”) + гар (көптеген тілдерде, соның ішінде көне түркі тілінде де: “тау”), яғни “тау” + “тау”.

Екінші зерттеуші де дәл осындай қорытындыға тоқтайды. Екеуінің де долбарлауы бойынша, “Талғар”— (өзен не тау атауы) үндіевропа мен түркі тобындағы тілдер сөзінің қосындысынан тұрады.

Біз тым алысқа шығандамай-ақ, алтай жүйесіне жататын тілдер дерегіне зер салып көрейік.

Чуваш тілінде “талхар” тұлғалы сөз “долылық, құтырыну, өршелену” сияқты мағыналарға нұсқайды. Хакас тілінде келсек “тулғор” біздің тіліміздегі “бөгет, тоған” түсініктерін меншіктенеді.

Сал әрегірек жылжып монғол тобындағы тілдер дерегіне ден қойсақ, мыналарды кездестіреміз. Монғол тілінде: “тольгор” сөзі — “жалпақ, тегіс, жұмыр” сияқты түсініктерге нұсқаса, “тулгар” немесе “тулгарах” дыбыстық құрамдағы тұлғалардың бірнеше мағынасы бар. “Тулгар”— “жаңа” немесе “бастама”; “тулгарах” етістігі — “таяну, тірелу”, кейде “тыным таппау” мағыналарын иемденеді. Қалмақ тілінде: “тилгр” немесе “тиньгр” сөздері біздің түсінігіміздегі — “тегіс, жалпақ” мағыналарын береді. Қалмақ тілінде көп жағдайда сөз ішінде дауыстылардың түсіп қалатынын ескерсек, мұндағы тұлғалардың монғол тіліндегі “тулгар”—дан ешбір айырмасы жоқ.

Біздің байқауымызша, “талғар” сөзінің төркінін, алғашқы мағынасын анықтауда, түркі тілдерімен етене туыс монғол тобындағы тілдердің дерегі де жетерліктей.

Егер “Талғар” атауы алғаш, бірінші рет өзенге қойылған деп қарасақ, онда таудан бас алған өзен тынымсыз, долдана, бұлқына ағатынын еске алған жөн.

Кейбір тарихи мәліметтер бойынша, қазіргі Талғар атауындағы жерде Тальхиза деген көне қала болған. Мұны ескерсек қала, әдетте, тегіс, жазық жерге салынады. Сол сияқты, мына қала да кезінде тау баурайындағы жазыққа орналастырылған болса керек. Бұл ретте “талғар” сөзінің

алғашқы мағынасы, жоғарыда көрсеткен, монғол тілінде “жалпақ, тегіс” түсінігін беретін “тольгор” тұлғасымен төркіндес болмақ.

Қорыта айтсақ, “Талғар” атауы тұлға және мағына жағынан да түркі және монғол тобындағы тілдерге ортақ сөздер туындысы. Алғашқы мағынасы — не “тыным таппау”, не “тегіс” болуға тиіс деген ойдамыз.

Тараз — тарихи деректерге карағанда, қазіргі Жамбыл қаласының орнында болған көне қала.

Жоғарыда “Талас” туралы әңгімелегенде, кейбір зерттеушілердің оны Таразбен байланыстыра қарап, екеуінің тұлға әрі мағынасы жағынан тектес деген жорамалға келгендігін айтқан болатынбыз.

Қазіргі Жамбыл қаласының Талас өзені бойында орналасқаны мәлім. Ал, ертедегі Тараз қаласы дәл қазіргі Жамбылдың орнында болғанына көз жеткізу қиын. Егер Тараз — Талас өзенінің атынан туындаған болса, өзен аты өзгермей, қаланың дыбыстық құбылыстарға түсуі де жұмбақ.

Көне қала — Таразға атау боларлық сөзді алтай жүйесіне жататын тілдерден таппадық. Осы себептен де біз басқа бір топшылауға бет бұрғалы отырмыз.

Араб тіліндегі “тараз” дыбыстық құрамдағы сөз қазақ тілінде, біріншіден, “кебу; тобарсу”, екіншіден, “қатты” мағыналарына меззейді. Парсы тілінің дерегінде “тараз” және “тэраз” тұлғалы сөздер басқа да ұғымдармен бірге біздегі “жазық, тегіс” түсініктерін береді.

Осы деректерді ойымызға арқау ете отырып, көне замандағы “Тараз” қаласының атауына араб немесе парсы сөздері негіз болуы да мүмкін деген ой түйеміз. Өйткені жазық та тегіс жерге қала іргесі қаланып, жаңадан тұрғызылған қалаға жер бедерінің алғашқы кейпіне байланысты “тегіс жердегі” қала яғни, “жазық, тегіс” атауы берілуі әбден ықтимал.

Татыр — Ақ төбе, Торғай облыстарындағы жер атауы.

Біреулер “татыр” сөзін “тақырдың” баламасы деп ұғынады.

“Татырдың” төл мағынасын дұрыс түсіну үшін, мынадай тілдік деректерді ұсынғымыз келеді.

Бұл тұлғалас сөз көне түркі тілдерінде жеке түрінде де, басқа бір сөзбен тұрақты тіркес қалпында да көрінеді. Мысалы, М. Қашқари сөздігінде: “татыр йер” сөз тіркесі — “өсімдігі жоқ, сазды жазық жер” деп түсіндірілген. Түркі тілдері ішінде башқұрттар мен құмықтарда “татыр” сөздері “сортаң, сор, тұз аралас топырақ” мағыналарында қолданылса, монғол тобындағы тілдер ішінде монғолдардың

өзінде: “татрах” тұлғасы біздің түсінігіміздегі “тартылу, құру, суалу” (“су” туралы) мағыналарын меншіктенсе, бұрыт тілінде “татар”, “тата” дыбыстық құрамдағы сөздер “суы аз, тайыз; тартылу”, ал калмақтарда “татгдх” — “азаю” сияқты мағыналарға саяды.

Бұл деректерден байқайтынымыз, “татыр” тұлғасының түбірі “тат” және алғашқы мағынасы — “судың тартылып, азаюы, құруы” екен, ал “татыр” калпы жұрнақ арқылы пайда болып, “сортаң, сор” дейтін мағына беретін болған. Шын мәнінде де, осы атауды меншіктенген жердің шөбі аз, топырағы құнарсыз болып келеді.

Тобыл — Қазақстанда Қостанай облысы және Ресейдің Қорған, Түмен облыстары жеріндегі өзен. Осымен аттас Түмен облысында қала, Қостанай облысында поселке және темір жол стансасы да бар.

“Тобыл” сөзінің алғашқы мағынасы, тек-төркіні туралы ауыз толтырып айтарлықтай зерттеу жұмысы бұған дейін болған жоқ.

В. В. Радловтың айтуынша, телеуіт тілінде: “тобыл” тұлғасы — “биік, айбынды” мағыналарында көрінсе, якутша — “тобул”, қазақ тіліндегі “тазарту, жарып өту, бұзып өту” ұғымында жұмсалады.

Бұл өзенге құятын салалар да біршама баршылық. Тасыған кезде суы мол, сондықтан да жолындағы кедергіні бұзып өте берерліктей күші бар. Міне, осындай қасиеті үшін, “Тобыл” атауы берілген болса керек.

Тоғызак — Қостанай облысы жеріндегі өзен және Іле Алатауындағы асу аты.

Сөз төркіні қайдан, қалай пайда болғандығы жөнінде зерттеулер кездестірмедік.

Сырт қарағанда, сан есім — “тоғызбен” байланысы бар тәрізді. Онымен байланыстыруға тиянақты тілдік дерек ұшыраспады. Алайда, түркі халықтары үшін “тоғыз” саны — киелі сан екенін салтымыздағы “бас тоғыз”, “үш тоғыз” т. б. (сыйлық немесе айып өлшемі), “тоғыз құмалақ” ойыны аңғартады. Бұл ойын қырғыз, қарақалпақ, қазақ, тува, алтай халықтары арасында жиі кездеседі.

Қырғыз тілі дерегінен “тоғузак” сөзінің мынадай мағынасына тап боламыз: “өз баласын ата-анасы түрлі пәлелерден, бұзылудан аулақ болсын деген оймен сатып алатын дәстүр бар. Төлеміне тоғыз түрлі зат береді де, баланың атын Тоғузак немесе Сатыбалды қояды”. Осы дәстүр ерте кездерде түркі халықтарында, оның ішінде қазақтарда да болуы ғажап емес. Өте көне кезде осындай

дәстүрмен есім алған адам белгілі бір өзен бойында не басқа жерде өмір өткізіп, оның аты жер-суға көшуі де ықтимал. Ерте заманда мұндай жағдайдың болғандығы тек аңыз ғана емес, тарих мәліметтерінен де белгілі. “Тоғызак” атауының төркінін тек осылайша жорамалдауға мүмкіндік болып отыр.

**Томан** — Атырау облысындағы жер атауы.

Қазақ тілінде жеке-дара кездесіп, өз алдына мағына берерлік, мұндай сөзді кездестіре алмадық. “Томан” сөзімен түбірі сәйкес келетін “томаға-тұйық” қос сөзінің мағынасы әркімге де түсінікті.

Түркі тілдерін қарастыра келгенде тұлғасы осыған сәйкес және дербес мағыналы сөзді жолықтырдық. Тува тілінде “томаанның” тұлғасы қазақ тіліндегі “момын, тыныш, жуас, байсалды, салмақты” тәрізді мағыналарды меншіктенеді. Осылардың ішінде “тыныш” мағынасы табиғат құбылыстарын сипаттауда да қолданылады (тыныш жел, тыныш ағыс т. б.). Ал якут тіліне келсек, мұнда “томоон” дыбыстық құрамдағы тұлға “кеңістік, кең дала” ұғымдарында жұмсалады.

Осы деректердің ішінде якут тіліндегі сөз (“томоон”) біз әңгіме етіп отырған — Каспий теңізінен онша алыс емес, Атырау облысындағы жазық дала сипатына сәйкес келгендей. Сондықтан да “Томан” жер атауының алғашқы, тұңғыш мағынасы “кең, кеңістік” деген ұғымда болған деп шамалаймыз.

**Тосын** — Торғай облысы Жанкелдин ауданының батыс жағындағы дала. Даланың біраз жерін шағыл басқан.

“Тосын” сөзінің алғашқы мағынасын, дыбыстық құрамын анықтау үшін, алдымен ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігіне ден қоялық. Ондағы “тоз” сөзі “шаң, топырақ” деген мағына береді.

Сөздің түбірі “тоз” екендігіне кәміл сенеміз. Сенімімізге тірек боларлық тілдік деректер мол-ақ. Өз тіліміздегі “шаң-тозан” қос сөзіндегі екінші сыңарының түбірі — “тоз” екендігі мәлім.

Қазіргі түркі тілдерінің деректері де осы ойымызға куә болғандай. Туба-кижи тілдерінде — “тоос”, коман тілінде — “тос” тұлғалары біздегі “шаң, топырақ” түсінігін береді. Бұдан әрі монғол тобындағы тілдер дерегіне жүгінсек те осыларға ұқсас тұлғалар мен мағыналарға тап боламыз. Монғол тіліндегі “тоос”, қалмақ тіліндегі “тоосын”; бурят тілі жергілікті ерекшеліктерінің бірінен ұшырасатын “тогусун” дыбыстық құрамдағы сөздер де “шаң” ұғымында қолданылады.

Енді осы деректерді жинақтай келіп, ой елегінен өткізсек, шаң, топырақ жинала келіп құмға айналатыны айтпасақ та айқын дүние. Ежелден түркі, монғол тобындағы тілдерге ортақ, “шаң” мағынасын беретін “тос”

түбіріне бізде *-ын* қосымшасы жалғануы арқылы күмді жерге атау болып қалыптасқан десек, шындықтан онша алшақ кетпесек керек. Тіпті кейбір тілде біздегі “тосын” тұлғалас сөздің өзі де қосымша қабылдамай-ақ “шаң” мағынасын ұғындыратынын жоғарыда көрдіңдер.

Тұран — Орта Азияның солтүстік-батысы мен Қазақстанның оңтүстік-батысындағы көпшілік бөлігі күмді және сазды, шөлді жазық, ойпат өңір, географияда — “Тұран ойпаты” деп аталатын жер.

Алтай тауы маңайы мен монғол даласында дәл осы тұлғалас жер-су атауын құлағымыз шалмаса да, басқа тілдік деректер болжам айтуға мүмкіндік береді.

Якут тілінде “туран” тұлғалас екі сөздің бірі — “ут туран” тіркесінде қолданылып, “тылсым тыныштық; тып-тыныш, жым-жырт” ұғымын берсе, екінші тұлға (“туран”) жеке тұрып-ақ “сортаң жер” түсінігіне ие. Ал чуваш тілінде осы тұлғаның түбірі дерліктей “тур” сөзі — “жазық, тегіс” дегенге нұсқайды. Тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің бірқатарында: “торон” калпындағы тұлға біздің түсінігіміздегі “тыныштық” дегенді білдіреді.

Осы келтірілген тілдік деректердегі — “тыныштық, жым-жырт” — “туран” сөзінің алғашқы мағынасы, ал екінші мағынасы “сортаң жер” болса керек деп шамалаймыз.

Бұл жерде біз мынадай болжамға орын бердік. Географалымдардың топшылауынша, қазіргі Тұран ойпаты ерте замандағы теңіз орны деп танылады. Олай болса, құрғап қалған теңіз түбі өсімдік дүниесіне бай бола бермейтіні мәлім. Мұндай жер ел қонысы, мал жайылымы бола алмағандықтан, тыныштық ұясы болатыны да даусыз. Алғаш шығыстан ығысып келген түркі тайпалары сол жерге тап болып, жым-жырт тыныш әрі сортаң жерге “Тұран” деп ат қоюы ықтимал.

Қазақстанның батысын мекендеген қазақтар тілінде “тұран” сөзі жер бедерін білдіретін термин ретінде бүгінгі күндерде де қолданылады. Мысалы: “тұран” — “тау үстіндегі су жиналатын ойпаң жер”. “Тұран” сөзінің қатысымен жасалған Маңғыстау өңірінде “Қызылтұран” деген жер аты да бар.

Бұл келтірген деректердің қай-қайсысы болса да, Тұран ойпатының атауы жөніндегі біздің пікірімізді қуаттай түсуге бейім.

Түрген — Алматы облысындағы өзен және сол облыстағы Еңбекшіқазақ ауданындағы елді мекен атауы.

Басын таудан алатын өзеннің Түрген аталынуы оның ағысының жылдамдығына байланысты екендігіне біршама тілдік деректер кепіл болғандай.



Тувалар сөздік қорында —"дүрген", якут тілінде — "түргэн" дыбыстық қалыпта айтылатын сөздердің бірі — біздің тіліміздегі "тез, шапшаң", екіншісі "жылдамдық, шапшаңдық" мағыналарында қолданылады. Телеуіттерде: "түргэн"—"асығыс, жылдам" деген ұғым береді.

Монғол тобындағы тілдер ішінен монғолдардағы — "түргэн", қалмақтардағы — түргн" тұлғалары да қазақ тіліндегі —"тез, шапшаң, жылдам" ұғымдарын түсіндіреді.

Тунгус-маньчжур тобына жататын он бір тілдің сегізінде — бірінде —"тургэн", екіншісінде "тургун", үшіншісінде "тургээ" тәрізді дыбыстық құрамдарда кездесе отырып, бәрінің де мағынасы —"жылдам, тез" дегенге келіп түйіседі.

Жоғарыдағы деректерді жинақтап, түйіндей келгенде, "түрген" сөзінің түпкі, тұңғыш мағынасы —"тез, жылдам" екеніне, оның өзі алтай жүйесіндегі тілдерге ортақ болғандығына көзіміз жете түскендей болады.

Түркістан — Шымкент облысындағы аудан және оның орталығы — қала атауы. Түркістан — Орта және Орталық Азияның түркі тектес халықтары мекендеген аймақ.

Жалпы алғанда бұл атаудың түп-төркінін іздестірудің қажеті жоқ сияқты. Өйткені түркі тілінде сөйлейтін халықтардың жиынтық атауы екендігі әркімге аян. Солай бола тұрса да, жеме-жемге келгенде, бірігуден пайда болған осы атаудағы алғашқы "түркі" немесе "түрік" сөзінің ертедегі мағынасы нені білдіретіндігі көпшілікке беймәлім екендігі белгілі. Сондықтан іздену барысында түйіндеген пікірімізді көлденен тартуды теріс көрмедік.

Атау екі сөздің бірігуінен шыққан десек, оның алғашқысы "түркі", дұрысын айтсақ, "түрік", екіншісі "стан".

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің сөздігінде "түрк" дыбыстық құрамдағы сөздің екі мағынасын оқимыз: біріншісі —"күшті, күдіретті", екіншісі —"ерекше мол, өте бай; шегіне жеткен".

"Түрік" атауы жөніндегі тағы бір деректі В. В. Радлов жасаған сөздіктен кездестіреміз. Онда "түрк" тұлғасының төрт түрлі мағынасы келтірілген. Оның алғашқы екеуі түркі халқы мен түркі хандығына анықтама беруге арналған. Сондықтан оған тоқталмадық. Ал үшінші мағынасы былай түсіндірілген —"батыр, батыл, ер қаһарлы": төртіншісі —"білімсіз /надан/, жыртқыш, қаңғыбас". Радловтың айтуынша, "түрк" сөзінің осы соңғы, төртінші, мағынасынан қашқақтап түріктер өздерін бұл сөзбен атамай, үнемі османдық дегенді ұнатады".

Әрине, бұл соңғы — "надан, жыртқыш, қаңғыбас" ұғымдары кезінде түркі халықтары жерін, елін жаулап алған басқа тайпалардың аузынан шыққан, жек көрушілік нәтижесінен туған деуге тура келеді, "Түрік" сөзінің алғашқы әрі шын мағынасы — "батылдық, ер жүректілік, батырлық". Мұны түркі халықтарының басынан өткізген қилы тарихи деректер де дәлелдеп бере алады.

Біріккен сөздің екіншісі — "стан" мағынасы ежелден белгілі. Ол көбіне ел, халық атауларының соңына жалғасып келетін, парсы тілінен ауысқан қосымша. Мысалы, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және тағы басқалар. Кейде оның қосылуы арқылы белгілі бір жердегі заттың молдығы да аңғарылады, мысалы, гүлстан т. б.

Қорыта айтқанда "Түркістан" атауы — өзімізге тән сөз бен парсы тілі жұрнағының қосындысынан туып, тұңғыш мағынасы — "Батырлар елі" немесе "Күдіреттілер мекені" ұғымын меншіктенген дей аламыз.

Урбах — Орал мен Саратов қалалары аралығындағы темір жол бойындағы станса аты.

Осы стансаның атауы да түркі тілдері, қала берді, монғол тіліне тән сөздерден болса керек деп шамалаймыз. Өйткені осымен тұлғалас қыстау, көл аты якуттар мекендеген жерден де кездеседі. Мысалы, "Урпах" — "елді мекен аты" делінсе, "Урпахлах" — "көл атауы" дегенді оқимыз. Барабин татарлары тілінде осыларға сәйкес "урбак" сөзінің мағынасы — "кебек". Ал монғол тілінде "урвах" дыбыс құрамындағы сөз біздің ұғымымыздағы — "киянат ету, сатылып кету, опасыздық жасау" тәрізді мағыналарда қолданылады.

"Урбах" атауының алғашқы мағынасы деуге лайықтысы — соңғы көрсетілген үш сөздің бірі болса керек.

Ұлытау — Сарыарканың оңтүстік-батыс шетіндегі ұсақ шоқылы, аласа таулы жер. Жезказған облысында осылайша аталатын аудан және оның орталығы бар.

Көне түркі жазба ескерткіштері сөздік қорында "үлүғ" тұлғалы сөздің "үлкен, ұлы, күшті, биік, өте" іспеттес бірнеше мағыналары бар. Бұлардың қай-қайсысы болса да мына әңгіме болып отырған тау атауына сәйкес келмейді.

Ертедегі түркі тілдерінде бұл көрсетілген "үлүғ" сөзінен басқа "үлүк" дыбыстық құрамда айтылатын тұлға да бар. Оның беретін мағынасы: бірде — "шоқтық", кейде — "ескі, тозған". Осындағы "Үлүк"-тың бірінші мағынасы "тау" сөзімен тіркесіп, "Үлүк тау" болып, сол кездегі түсінігі "шоқтық тау" дегенді ұғындырып, бері келе, біріккен сөз кіріге келіп, "ұлытау" қалпында тұрақтауы нанбайтын нәрсе емес.

Ал монғолдарда —“илүү”, қалмақ тілінде —“үлү” сияқты сөздер біздің тілімізде —“артық, жоғары” түсініктерімен мәндес. Тегіс, жазық жер деңгейіне қарағанда, төбе, шоқылардың жоғары, артық болып көрінетінін ескерсек, “илүү” немесе “үлү” сөздері арқылы да “Ұлытау” атауы қалыптасуы шындыққа жуық.

Ең соңында, тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің бірқатарында “ала” сөзінің қазақ тіліндегі —“аласа, төбе” мағыналары орнына жұмсалатындығын байқаймыз.

Қорыта айтсақ, “Ұлытау” атауы қазіргі түсінігіміздегідей “биік, үлкен тау” дегенді білдірмейді. Оның ертедегі тұлғасы “үлүк тау” немесе “ала тау” қалпында тіркесіп, тұңғыш мағынасы —“шоқтық тау”, “аласа тау” сияқты ұғымға мезгеленген. Келе-келе “үлүк тау” немесе “ала тау” дыбыстық өзгерістерге душар болуы нәтижесінде қазіргі кездегі —“Ұлытау” атауы пайда болған.

Үржар — Семей облысы жеріндегі өзен және аудан мен оның орталығының атаулары. Мұндағы аудан және оның орталығының аты өзен атымен байланысты екені айтпаса да белгілі.

Бір зерттеуші бұл атаудың түп-төркіні туралы мына сияқты жорамалын ұсынады: “...Үржар атауы екі компоненттен жасалған... Мұндағы ор > үр сөзі, “терең”, ал жар —“өзен” дегенді білдіреді. Сонымен бұл атау “терең өзен” деген мағынадан жасалған”. Автор жер атауын “Үржар” емес, “Үржар” деп алады. Басқа көптеген деректерде —“Үржар”. Бұл, әрине, жол-жөнекей ескертпе.

Зерттеушінің бұл тұжырымын қолдай алмаймыз. Ең алдымен зерттеушіге біріккен сөздің алғашқысы —“үр”-дің тұңғыш мағынасын іздестіру қажет.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде “үр” сөзінің бір мағынасы —“қашаннан, бұрыннан; ұзақ” дегенге нұсқайды. Осы “үр”-ге “жар” түбірін біріктіріп, алғашқы мағынасы —“бұрынғы жар” десек те болар еді. Бірақ бұл болжамымыз көңілге қонбайды.

В. В. Радлов сөздігіндегі деректі былай қойғанда, өзімізде көптен бері қолданылып келе жатқан, қазір де мағынасын жоғалтпаған “биік” сөзімен мәндес “өр” тұлғасы бар. “Үр”-ді осының дыбыстық баламасы дегенді жөн көрдік. Ал, “жар” сөзіне “өзен” мағынасын зорлап телу ыңғайсыз. “Жар”— қашаннан өзен жағасындағы құлама, тік жер екендігі әркімге мәлім. Оның төркінін іздестіріп жатудың да қажеті жоқ.

Сонда “Үржар” атауының алғашқы мағынасы —“биік жар” дегенмен барабар болып шығады.

Үрпек — Торғай облысы Аманкелді ауданындағы жер атауы.

Жер атауы өзінің табиғи жаратылысына байланысты берілген тәрізді. Өйткені жер бедері ойлы-қырлы, ербиіп өскен қурай іспеттес өсімдік те ішінара кездесіп отырады. Жорамалымызды жоққа шығармайтын тілдік деректерден де құр алақан емеспіз.

Түркі жазба ескерткіштері тілінде — қазіргі тіліміздегі “тікірейген, сорайған” мағыналары орнына қолданылған — “үрпек” дыбыстық құрамдағы тұлға кездеседі. Мұның мына жер атауы “Үрпектен” тұлғасы жағынан ешқандай айырмасы жоқ. Мағына жағынан да әңгіме болып отырған жер сипатына сәйкес келеді.

Сөйтіп “үрпек” сөзінің ертедегі алғашқы мағынасы — “тікірейген, сорайған” деп тұжырым жасадық.

Шабақты — Жамбыл облысы Сарысу ауданындағы өзен.

Бұл атауға негіз болып тұрған — “шабақ” сөзі екендігін және оның нендей мағына меншіктенетінін бәріміз де білеміз. Өзен аты — өз кезінде ұсақ, жас балықтардың көп болуынан келіп шығуы да мүмкін. Мүмкін ғана емес, солай деп тұжырым жасауға да болады.

Мұндай жағдайда, “оның төркінін іздестірудің не қажеті бар” дейтін сұрақ та орынды. Сондай-ақ соңғы-ты қосымшасының да көптікті білдіретін, ежелден келе жатқан жұрнақ екені де белгілі.

Дегенмен, біз “шабақ” сөзінің қазіргі кезде “жас балық” мағынасында қолданылатынын білсек те, ертедегі тұңғыш түсінігіне қанықпыз дей алмаймыз.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерін зерделегенде “шабақ” тек балықпен байланысты ғана емес, басқа да тұлғаларға тіркесерлік еркі бар, дербес мағыналы сөз екендігін аңғарамыз.

М. Қашқари сөздігінде “чабақ” — “жаман, төмен, жеткіліксіз” мағыналарында қолданылғанын, сондағы “чабақ ер” тіркесінен білеміз. Мұның мағынасы — “нашар еркек” деп түсіндірілген. Кейінгі замандарда “чабақ” — “балық” сөзіне меншіктелініп, “чабақ балық” — “нашар, ұсақ балық” дегенді мегзеген.

Шалқар — Ақтөбе және Көкшетау облыстарының жеріндегі көлдер атауы. Ақтөбе облысында осы аттас аудан, қала әрі темір жол стансасы бар.

Дыбыстық құрылысы жағынан “шалқар” сөзіне сәйкес атаулар Қазақстанның басқа өңірлерін былай қойғанда, якуттар мекендеген жерлерде де кездеседі. Мысалы, “Чалгарийа” — Баяги өзенінің оң саласы болса, “Чукар” — көл

атауы. Сонғы “чукар” сөзін —“л” дыбысы түсіріліп айтылған түрі деуге болады.

“Шалқар” сөзінің қазақ тіліндегі мағынасы әркімге де түсінікті. Дегенмен, кейбір сөздіктерде: шалқар —“үлкен, кең, байтақ” ұғымында берілген. Мұнда жетіспей тұрған бір сөз —“көл”. Өйткені “шалқар” сөзі, көп жағдайда, “көл” сөзімен тіркеседі. Екінші бір сөздікте бұған қарағанда толығырақ түсінік берілген: шалқар —“үлкен (көз жетпес) көл” делінген.

“Шалқар” сөзімен үндес тұлғалар басқа тілдерде сәл өзгеше мағына бергенімен, суға байланысты қолданылады. Тунгус тілінде Амур өзені “Шилкар” деп аталып, мұның өзі тек “өзен” деген мағынадан басқаны білдірмейді. Демек, тунгустарша “шилкар”—“өзен” ұғымын ғана береді.

Біздің байқауымызша, бұл атау (“Шилкар” немесе бізше — “Шалқар”) жер бетіндегі судың әр түрлі қасиетіне әсіресе, қимыл, қозғалысына байланысты туса керек. Мұндай жорамалға кейбір түркі және монғол тілдеріне тән сөздер итермелейді.

Түркі тілдері ішінде — якуттарда: “чалгыр”—“су шалпылының даусы”, ал “чалкый”—шалпылдау. Тува тіліне келсек: “чалгыг” сөзі біздегі “толқын” орнына жүреді.

Монғол тілінде: “цалгиа” тұлғасының —1) “үлкен толқын, толқын”; 2) “судың шалпылы, сыбдыры” сияқты мағыналары бар. “Цалгих”—“жарға соғу, толқындау” ұғымын береді, ал қалмақ тілінде біздегі “шалпылдау” орнына —“цальгрх” сөзі қолданылады.

Келтірілген тілдік деректер — көл атауына берілген “шалқар” сөзінің түп төркіні түркі, қала берді, монғол тобындағы тілдерге ортақтығын, ал өте ертедегі мағынасы —“су шалпылы”, одан әрі “толқын” болғандығын көрсетіп отыр. “Шалқар” атауының төркінін осылайша топшылау — шындыққа жақындата түседі.

Шамалған — Алматы облысының жеріндегі өзен. Дәл осындай темір жол стансасы және Қаскелең ауданында елді мекен де бар. Атаудың алғашқы иесі — өзен.

Ел аузындағы аңыз, әңгімелер бұл атауды ХVIII ғасырдың бас кезінде Жетісуда билік жүргізген қалмақ ханы — Шамалхан есімімен байланыстырады. Шындығында, хан есімін өзенге әкеліп таңу қисынсыз нәрсе. Осы себептен де оның пайда болу жолын тілдік деректерге сүйене отырып дәлелдеген орынды.

Бұл атаудың түп-тегі туралы бір зерттеуші пікірі мынадай: “чамал”—“салқын”, “ған”—“сай, шатқал”. Осы екі түбірдің қосылуынан “чамалған” сөзі туып —“Самал сай” сияқты

мағына береді". "Чамалдың" "самалға" айналуы заңды делік, бірақ "ғанның" "сай" мағынасына иелік етуі тандандырады. Сондықтан да біз басқа бір деректерді көлденең тартпақпыз.

Ең алдымен ежелгі түркі тілдері дерегіне ден қоялық. "Шам" немесе "Чим" тұлғалы сөздер — "далада өсетін, дәні адам жеуге жарамды өсімдік түрі" деген мағына береді, мұны қазіргі қазақ тілінде "қарабас шалғын" деп атайды. Ертедегі түркі тілдеріне тән екінші бір дерек: "чүмган" дыбыстық құрамдағы сөздің екі түрлі мағынасы бар: 1) жапырақтары салалы өсімдік; 2) шалғын, көгалды жер.

Алатаудың солтүстік баурайында, ойпаң жерде ағып жатқан өзен бойының шалғынды, көгалға бай болуы табиғи құбылыс. Жаратылыстың осы бір қасиетін ескерсек, қазіргі "Шамалған" атауын ертедегі тілімізге тән "чүмган" сөзімен байланыстыра қарасак, шындықтан онша жыраққа кетпей, керісінше жақындай түсеміз бе деген ойдамыз. Осы болжамымызды негізге алсақ, "шамалған" өзені, бүгінгі түсінігіміздегі — "көгалды" өзен, "шалғынды" өзен мағынасын бермек. "Чүмган" тұлғасының кейін келе "Шамалған" қалпына дейін өзгеріске түсуі тілдегі заңдылыққа қайшы келмейді. "Шамалған" сөзінің төркіні туралы біздің түйінді пікіріміз осындай. Алайда, бұл атаумен байланыстыруға тұрарлықтай тағы бір тілдік деректерді көрсете кетуді міндет деп білдік.

Араб тілінде "шамал" тұлғалы сөздің: 1) "солтүстік"; 2) "сол жақ" сияқты мағыналары болса, парсы тілінен де "шамал" немесе "шамал" тұлғаларының тура араб тіліндегідей ұғымдарын ұшыратамыз. Жүйесі басқа тіл болғандықтан, "Шамалған" атауын оларға апарып телуді жөн көрмедік.

Шортанды — Көкшетау облысындағы көл мен Қостанай облысындағы Жетіқара ауданындағы өзен атаулары. Сондай-ақ, Ақмола облысында осы аттас аудан, оның орталығы және темір жол стансасы бар.

Көл болсын, өзен болсын өз атауларын соны мекендеген балықтың бір түрі — шортанмен байланысты алғандығы даусыз. Бұл сулардағы шортанның көптігі-ды жұрнағы арқылы көрсетіліп тұр. Сырт қарағанда, атау төркінінде іздестірілмейтіндей еш нәрсе қалмаған тәрізді. Бірақ атауға негіз болған — "шортан" сөзі нені аңғартады? Мәселе — осы жөнінде.

Түсіндірме сөздікте балықтың бұл түрі — "денесі ұзынша, басы сопақша келген... үлкен балық" деп сипатталады. Осындағы "ұзын", "сопақ" сөздері "шортанның" төркіні жөніндегі жорамалымызға арқау болғалы отыр.

Біздегі “шортан” — буряттың әдеби тілінде — “сурхаэ” болып айтылады, бұл біздегі “шортанның” кішірек түрінің атауы “шорағаймен” сәйкес. Бурят тілінің жергілікті ерекшеліктерінің біріндегі “сордон” сөзі біздегі “шортанға” жуықтай түседі. “Сордон” сөзінің негізін, бурят тілін зерттеушілер, сол тілде біздегі “ұзын”, “сопакша” мағыналарын беретін — “сордогор” тұлғасы деп біледі. Бұл пікірге қосыла отырып, біз мына бір жорамалға ден қойдық: сөздің түбірі — “сорд”, ал-он біздегі-ан қосымшасының дыбыстық түрі болса керек /мысалы, саз + ан — “сазан” және т. б./ Ал “сордон” сөзінің, біздің тілімізде “шортан” болуы — түркі, монғол тобындағы тілдердегі “с” мен “ш”, “д” мен “т” дыбыстарының сәйкестік заңынан туған құбылыс.

Шұбалаң — Торғай облысы, Жанкелдин ауданы жеріндегі елді мекен атауы. Аудан орталығы — Торғай поселкесінің шығысында 20 шақырымдай жерде, Торғай өзенінің оң жағасында орналасқан.

Қазіргі тілімізде сын есімге жататын “шұбалаң” сөзі бар. Оның мағынасы — “ұзын, созылық” екені белгілі. Әңгіме етіп отырған мына “шұбаланды” сонымен мағыналас деп қараудың қисыны жоқ сияқты.

Іздестіре келгенде, түркі тілдері ішінен тувалардың “шоваалаңы” сөзіне кез болып, мағынасының — “кагілез, пысық” екендігін білдік. Одан әрі қарастыра түскенде бұл тұлғалас әрі мағыналас сөз монғол тобындағы тілдерде де барлығы байқалды. Монғолдарда — “цовоо”, калмақ тілінде “шулун-шудрмаг” тұлғалы сөздер біздің ұғымымыздағы “кагілез, пысық” мағыналарын береді. Соңғы екі тілдегі “цовоо”, “шулун” сөздерінің қайсысын алсақ та дыбыстық құрамы жағынан тува тіліндегі “шоваалаңы”, біздегі “шұбалаңнан” онша алшақ емес. Ал, мағына жағынан қазақ тіліндегі “шұбалаңға” көп жуыса бермейді.

Алайда, бізде де ерте кездерде “шұбалаңның” “пысық, кагілез” мағыналары болған деп жорамал жасаймыз. Бұған бізді жетектеп отырған мына сияқты жағдайлар. Торғай өзені, біз әңгімелеп отырған тұста /тасыған кезде/ тез, қызу, шапшаң ағып, біраз жерге барған соң арнасынан асып, жайылып кетеді. Бұл тұста оның шапшаң ағатын себебі — қырдан ойпанға қарай беттейді. Өзеннің осы шапшаң, тез ағысын бейнелеп көрсету үшін, ерте заманда бізде де болған “кагілез, пысық” ұғымындағы “шұбалаң” сөзі қолданылып, өзен аты қалпында сақталып, осы кезге дейін жетуі ғажап емес. Кейін келе өзен ағысына берілген бұл атау оның жағасында орнаған елді мекенге ауысқан десек, онша бұра тартқандық болмас деп ойлаймыз.

Шүнджа — Алматы облысындағы Ұйғыр ауданының орталығы.

Ең алдымен айтатын нәрсе — бұл атаудың жазылуы түрліше. “Қазақ совет энциклопедиясында” “Шонжа” қалпында жазылған. Сары ұйғырлар тілінде — “чунджа”. Картаға түсірілгенде соңғы — “чунджа” тұлғасы сақталған. Біз болсақ, Е. Қойшыбаевтың соңғы шыққан /1985/ “Сөздігінде” жазылған нұсқаны алдық. Осы “Сөздік” иесі “Шүнджа” атауының төркіні жөнінде мынадай мәлімет береді: “С. Е. Маловтың “Сары ұйғыр тілінде” “чунджа” тұлғасы “кең жай (танап)” мәніндегі тіркес” делінген.

Автордың осы сілтеуі бойынша, біз де сол С. Е. Малов кітабына назар салдық. Онда:

“Чунджа — *қыт.* ұйғыр руының атауы — “чоңыл” тармағы; “чунса” сөзін қараңыз” делінген. Осы сілтеме бойынша, “чунсаға” берілген анықтаманы оқығанда, бұл да “чунджамен” мазмұндас боп шықты. Бұл көрсетілген анықтамалардан “кең жай” деген мағынаны кездестіре алмадық, оның орнына, қазақша айтсақ, “ұйғыр ру-тегінің біреуінің аты” дегенді түсіндік. Және “чунджа” сөзінен кейінгі *қыт* — қысқарған сөзі — “қытай тілінен” дегенді аңғартса керек. Демек, “чунджа” атауы түркі тілдері былай тұрсын, Алтай жүйесіндегі тілдерге әуелден меншікті емес екен. Оған және мына бір тілдік деректер куә болғандай.

Монғол тобына жататын тілдер ішінде тек қалмақтардан ғана дыбыстық құрамы жағынан “шунджаға” сәйкес “чондж” сөзі ұшырасады, мағынасы — “шіркеу /церковь/”. Монғол тілінен мұндай тұлғалы сөзді таппадық. Осыған қарағанда, қалмақтарға өте ерте заманда, қытайлармен көрші тұрған кездерде ауысса керек. Бұл ойымызды тағы бір мәлімет анықтай түседі.

Маньчжур тіліндегі “қытай сөзі” деп көрсетілген — “шанджин” тұлғасы біздің түсінігіміздегі — “бекініс, қорған” мағынасын береді. Ал қытай тілінде: “таудағы бекініс” — “шаньчжай” қалпында айтылады.

Көрсетілген деректерге сүйеніп, “Шүнджа” атауының алғашқы төркіні қытай тілі, ал оның бұл тілдегі тұңғыш мағынасы — “қорған, бекініс” деуге болады. Сары ұйғырлардың қытайлармен ерте кезден қалыптасқан қарым-қатынасы дініне ғана емес (сары ұйғырлар будда дінінде) тіліне де, тайпа, ру атауларының пайда болуына да үлкен ықпал жасағандығы тарихтан мәлім.

Шыршық — Өзбекстан мен Қазақстан шекарасындағы өзен. Осы аттас қала және темір жол стансасы, сондай-ақ



Өзбекстан мен Қазақстанның Сарыағаш аудандары жерінде канал да бар.

Әдетте, өзен суы тасып, кейін құрғай бастағанда суы тартылған жерлердің батпақты да балшықты болатыны белгілі. Осы бір табиғат құбылысы, әңгіме болып отырған өзен төңірегінде, ертерек кездерде молырақ кездесіп, батпақты қалпына қарай “шыршық” өзені атауына ие болған деген топшылау жасамақпыз. Әрине, бұл жорамалымызды костарлық тілдік дерекке ділгерміз.

Ол ділгерліктің мәні мынада. Қазіргі тілімізде ертеде сөздік қорымызда болған көптеген сөздер ұмытылып, бүгінгі күнде қолданылудан мүлде қалыс қалған. Сондай сөздеріміздің бірі — қазіргі — “батпак” сөзінің синонимі — “шыршық”. Бұл сөзді қазақтарда қолданғандығын В. В. Радлов сөздігі арқылы тауып отырмыз.

Сөйтіп “Шыршық” атты өзен атауын қазіргі түсінігімізге аударсақ, “батпак” немесе “шалшық” дегенді ұғындырады.

Ырғыз — Ақтөбе облысының Қарабұтақ және Ырғыз аудандары жеріндегі өзен. Сондай-ақ Ақтөбе облысында осы өзен атымен аттас — Ырғыз ауданы, оның орталығы Ырғыз елді мекені бар.

Көптеген түркі тілдеріне тән деректерді шолып өткенде мыналарды байқадық. Қазіргі қазақ тіліндегі “ескі, көне” сияқты сөздердің мағынасын: тофа тілінде — “ерһи”, туваларда — эрги, якуттарда — эргэ, сары ұйғырлар тілінде “ерке” дыбыстық құрамындағы тұлғалар бере алады екен. Ал хакас тілінде “иргі” — “ескі” ұғымында қолданылады. Хакас тілін ерекше көрсетуіміздің мәні мынада — Хакас автономиялы облысының жері арқылы Чулым өзенінің саласы — Иргі уус өтеді. “Иргі уус” атауын өз тіліміз тұрғысынан алып қарағанда түсіне бермейміз. Хакас тілінде “иргі” сөзінің мағынасы — “ескі” екендігін білеміз. “Уус” болса, хакас тілінде “өзен” деген мағына береді. Сонда хакас тіліндегі “Иргі уустың” қазақшасы — “ескі өзен” болмақ.

“Уус” сөзінің ерте кездерде “өзен” мағынасын бергендігін ескі жазба ескерткіштерде кездесетін — “үгүз” тұлғасы да растайды. “Уус”-тың “өзен” түсінігіне ие болмастан бұрын “су” мағынасын меншіктенгендігіне монғолдардағы “ус”, тунгус-маньчжур тілдеріндегі “осо” тұлғалары куә.

Сөйтіп Ырғыз өзенінің атауы да Алтай төңірегінен ертеде батысқа қарай қоныс аударған ру, тайпалармен ілесе келді деуге дәлелдің мол екендігін көріп отырсындар. Алғаш “иргі уус” аталған өзен, біршама дыбыстық өзгерістерден кейін, қазақ тілінде — “Ырғыз” тұлғасында қалыптасқан...

Іле — Алматы, Талдықорған облыстары жеріндегі өзен. Алматы облысында осы аттас аудан да бар. Мұндай атаулар қатарына Іле Алатауы да қосылады.

“Іле” сөзінің төркінін зерттеушілердің бірі — “жел”, “есу” сөздерімен байланысты деп қараса, екіншісі — “іле” тұлғасын түбір және қосымшаға бөліп, “и” түбірі түркі тілдерінде “ылғал”, “су” мағыналарында қолданылса, “-ла” — көне жұрнақ дегенді айтады. Ешбір тілдік деректерден “су, ылғал” мағынасын меншіктенген “и” түбірін кездестіре алмадық. Ал бірінші зерттеушінің “ілені” “желмен” байланыстыруын дәлелдерлік дерегі жоқ. Осы себептермен біз олардың болжамдарын қостауды жөн көрмедік.

“Іленің” төркінін іздегенде алдымен таудың — “Іле Алатауы” аталатынын еске алған дұрыс. “Алатаудың” алдында тұрған “іле” тұлғасының мән-жайын анықтау үстінде мына бір дерекке тап болдық. Тунгус-маньчжур тобындағы кейбір тілдерде “или” дыбыс құрамындағы сөз біздің қазіргі түсінігіміздегі “күз, шың” мағыналарында қолданылады екен. Ал, күз бен шың қайда болады? Әрине, таулы жерде. Іле Алатауының атауын осы жорамалымыз бойынша түсіндірсек, “күзды” немесе “шыңды Алатау” болып шықпақ. Мұны мына үзінді де анықтай түседі: “Іле Алатауы — Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстігіндегі биік таулы жота” /Қаз. сов. энциклопедиясы/.

Өзен өз бастауын таудың құзынан (шыңынан) алса, ал өте ерте заманда аталарымыз “күзды” басқаша — “или” деген болса, өзенге берілген атау да “Или” болмақ қой. Уақыт озған сайын, тілдегі дыбыс өзгерістер заңдылығына қарай, “или” келе-келе “іле” дыбыстық құрамына жеткен.

Түйіндей келгенде, “Іле өзенін” бүгінгі күнгі мағынасына бейімдесек — “Күз” немесе “Шың” өзені қалпында түсіндірілмек. Ал Іле Алатауы — “Күзды Алатау” дегенді білдіреді.









1760